



ТҰРҒЫН ҮЙ



ЖАСТАР
БАСПАНАЛЫ
БОЛЫП ЖАТЫР **3**

ТІЛШІ ТАЛДАУЫ



ЭЛЕКТРОНДЫ
ТЕМЕКІГЕ НЕГЕ
ӘУЕСПІЗ? **7**

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ



«БОЗҚЫРАУ» –
ҚЫСТЫҢ
ЖАРШЫСЫ **24**

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

3.11.2022

Түнде:



+0+5 °C
Көшпелі бұлтты,
(жаңбыр, қар).

Күндіз:



+6+11 °C
Көшпелі бұлтты,
(жаңбыр, қар).



**Желдің жылдамдығы:
3-8 м/с**

4.11.2022

Түнде:



0+5 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-
шашынды (жаңбыр, қар).

Күндіз:



+6+11 °C
Көшпелі бұлтты,
(жаңбыр, қар).



**Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с**

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №129 (6264) 3 қараша, бейсенбі, 2022 жыл.

ПРЕЗИДЕНТ

КӨПТЕН КҮТКЕН МАҢЫЗДЫ ҚҰЖАТ

Президент «Рақымшылық жасау туралы» Заңға қол қойды



Еске сала кетсек, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауында қаңтар оқиғасына қатысушыларға рақымшылық жасайтыны туралы мәлімдеген.

«Мен қаңтар оқиғасына қатысушыларға бір реттік рақымшылық жариялау туралы шешім қабылдадым. Біз адамгершілік таныта отырып, осы қайғылы оқиғадан тиісті қорытынды жасаймыз. Мұндай жағдай енді ешқашан қайталанбайды. Бұған жол бермейміз», деген еді Президент.

(Заңның мәтіні баспасөзде жарияланады).

САЙЛАУ-2022

ТІЗІМДЕ БАР-ЖОҒЫҢЫЗДЫ ТЕКСЕРІҢІЗ!



Ертеңнен бастап сайлаушы учаскелік сайлау комиссиясынан есептен шығару куәлігін алуға құқылы.

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА,
«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына
+7 707 932 39 18 телефондары бойынша хабарласыңыз!

ҚЫСҚА...

- Мемлекет басшысы ТМД Үкіметтері басшылары кеңесінің мүшелерімен кездесті.
- Үкіметте экономиканы несиелендіруді кеңейту шаралары қаралды.
- ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Сыртқы істер министрі Мұхтар Тілеубердінің Солтүстік Македония Республикасына ресми сапары өтті.
- Каспий теңізіндегі Қазақстан–Түркіменстан мемлекеттік шекарасы белгіленді.
- Қазақстандық теннисшілер Түркиядағы турнирдің ширек финалына шықты.
- Қытайдың ең жоғары мемлекеттік сыйлығы қазақ қызына бұйырды.
- Мектеп формасына тағы да өзгеріс енгізілетін болды.
- Бұдан былай чемпион атанған спортшылар өмір бойы зейнетақымен қамтылады.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >



ОЙ. ПІКІР. ҰСЫНЫС

КӨПТЕН КҮТКЕН
МАҢЫЗДЫ ҚҰЖАТ

Президент «Рақымшылық жасау туралы» Заңға қол қойды

Бауыржан
МАҚҰЛБАЕВ,
«Қазақстан
заңгерлер одағы»
республикалық
қоғамдық бірлестігі
Алматы қалалық
филиалының
төрағасы:



Ғабит ӨМІРБЕКОВ,
заңгер:

БӘРІ ЗАҢ
АЯСЫНДА
ЖҮЗЕГЕ АСАДЫ

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес бір реттік акт – рақымшылық жасалатын болды. Бұл қаңтар оқиғасы кезінде тұтылғандарға негізделді. Жалпы, заң жобасына құқық қорғау органдары тіркеген қылмыстық құқықбұзушылықтар енгізілді. Мұнда бір нәрсені ескеру керек. Рақымшылыққа ілінбейтіндер де бар. Оларға – жаппай тәртіпсіздік уақытында билікті асыра пайдалану, оны ұйымдастырушылар, азаптаған адамдар, зорлаушылар, террористер мен экстремистер рақымшылық жасауға жатпайды.

Яғни қылмыскерлердің ең қауіпті бөлігі бұл санатқа кірмейді. 2022 жылдың 4–7 қаңтар аралығында болған жаппай тәртіпсіздіктерге байланысты құқықбұзушылықтар рақымшылыққа жатады. Осыны ұғынған абзал.

ӘРБІР ӘРЕКЕТКЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ
БАҒА БЕРІЛЕДІ

2022 жылдың 4–7 қаңтары аралығында болған жаппай тәртіпсіздіктерге байланысты қылмыстық құқықбұзушылықтар ғана рақымшылыққа жатады.

Әрбір қылмыстық құқықбұзушылықтың мән-жайы қаңтарда болған тәртіпсіздіктермен байланысты сотқа дейінгі тергеу және сот талқылауы барысында белгіленеді. Яғни әрбір әрекеттің шарттары анықталып, құқықтық баға беріледі.

Бұл ретте прокурор мен сот «Рақымшылық жасау туралы» Заңды қолдану кезінде заңдылықты қамтамасыз етеді.

ПЛЕНАРЛЫҚ СЕССИЯ

АЛМАТЫДА КРЕАТИВТІ ИНДУСТРИЯ
АПТАЛЫҒЫ БАСТАЛДЫ

Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Алматыда креативті индустрия саласында 27 мың 200 кәсіпорын тіркелген. Оның тек 22 мыңы жұмыс істеп тұр. Бұл туралы Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әлішер Әбдіқадыров I Креативті индустриялар апталығы аясында ұйымдастырылған пленарлық сессияда айтты.

Спикердің айтуынша, Алматыда соңғы жылдары ақпараттық жүйелерді жобалау, бағдарламалық қамтамасыз ету, веб-порталдарды әзірлеу, музыка, киноиндустрия, жарнама, маркетинг, білім беру және мәдениет саласындағы қызметтер саны өсіп келеді.

«2021 жылғы креативті индустрия саласындағы бизнес субъектілері 5,4 млрд теңге салық төледі. Бұл 2020 жылмен салыстырғанда 5% өсім көрсетті. Жұмыс істеп тұрған ең көп кәсіпорын Бостандық (5862 субъект), Алматы (5214), Медеу (3845) аудандарында, ең азы Алатау (1138) және Наурызбай (773) аудандарында байқалды», – деді Әлішер Әбдіқадыров.

Креативті кәсіпкерлерге жүргізілген сауалнама бойынша Алматыда креативті индустрияның дамуына кедергі келтіріп отырған бірқатар мәселелер анықталды.

«Алматыда креативті кәсіпкерлердің 85%-ы инфрақұрылымға мұқтаж, 56%-ы бизнесті жүргізу құзыретінің деңгейі төмен екенін айтты, 31%-ға қаржыландыру жетіспейді, 10%-ы білікті кадрлардың тапшылығын айтты. Бұл мәселелер креативті индустрияны дамыту үшін инфрақұрылымды қалыптастыру, креативті индустрияға кәсіпкерлікті ынталандыру, креативті индустрияны дамыту үшін білім, тәжірибе мен құзыреттерді қалыптастыру, оны тарату жолымен шешіледі», – деді Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әлішер Әбдіқадыров.

Іс-шара барысында ҚР Мәдениет және спорт вице-министрі Ержан Еркінбаев Алматыда және басқа өңірлерде креативті орталықтарға арналған үй-жайлар анықталып жатқанын мәлімдеді.

«Мысалы, қолөнер секторын дамыту қа-



жеттілігін ескере келе, елордалық Ұлттық музейдің үй-жайларын пайдалану мәселесі қайта қаралды. Бутиктер мен шеберханалары бар қолөнершілер орталығына 700 шаршы метр бөлу туралы шешім қабылданды. Сондай-ақ, жақында Алматыда Халықаралық қолөнершілер форумы өтті. Шаһарға еліміздің түкпір-түкпірінен, Еуропа мен Орталық Азия елдерінен 300-ден астам шебер қолөнершілер келді. Алдағы уақытта біз шынайы өнімдер арқылы өнер және мәдениет өкілдерін көп жұмыс орындарымен қамти аламыз», – деді спикер.

Алматыда Медеу станциясының аспалы жолының жанында креативті индустриялар орталығына 1,5 мың шаршы метр жер бөлінді.

«Менің іс-менімен бірлесіп инвестициялау және шығармашылық хабты бірлесіп басқару туралы уағдаластыққа қол жеткізілді. Хаб тұжырымдамасына арналған конкурс тамыз айында өткізілді және Креативті индустриялар апталығы аясында қосымша семинар өтеді. Онда тұжырымдама бүгінгі іс-шараға қатысатын жергілікті және шақырылған креативті хаб сарапшыларының көмегімен кристалданатын болады», – деді вице-министр.

Жеке креативті хабтардан басқа, министрлік креативті ұжымдар үшін үй-жайлар мен жабдықтарға қол жеткізуге мүмкіндік беретін ведомстволық бағынысты ұйымдардың тізімін анықтады.

«Олардың тізіміне «Қазақконцерт», «Қазақфильм», әртүрлі филармониялар мен кітапханалар кірді. Біз осы мүмкіндікті басқа аймақтарда жарияламас бұрын, дәл осы кәсіпорындарда ынтымақтастық моделін пилоттық режимде өткізу ұсынылады», – деді ҚР Мәдениет және спорт вице-министрі Ержан Еркінбаев.

Еске салайық, Алматыда I Креативті индустриялар апталығы басталды. Ол 1–5 қараша аралығында өтеді.

Шараға білім беру және креативті хабтар, Қазақстан, Ресей, Беларусь, Қырғызстан, Өзбекстан, Голландия, Италия, Ұлыбритания елдерінің креативті сегмент ұйымдары қатысады.

ҚАРТТАР – ҚАЛА ҚАЗЫНАСЫ

Ардагерлерге құрмет көрсетілді

Алматыда «Қарттар айлығы» белсенді түрде аталып өтті. Осы айда мегаполис басшысының тапсырмасымен зейнеткерлерге барынша жағдай жасалды. Олардың өздерінің қатысуымен түрлі спорттық-мәдени шаралар ұйымдастырылды.

Алатау ауданында «Қарттар айлығы» қорытындыланып, «Әйгерім» ықшамауданындағы №149 мектепте аудандық Ардагерлер ұйымының ықшамаудандар арасындағы көркемөнерпаздар сайысы өтті. Аудан қарттары өнерлерін ортаға салды. Өн айтып, би биледі.

Аудандық Ақсақалдар кеңесінің төрағасы Сағатолла Таубалды бастаған қазылар әр номинация бойынша үздіктерді марапаттап, ықшамаудандар арасында жүлдегерлерді анықтады.

Жүлделі орындардан «Әйгерім», «Парасат», «Дархан» ықшамаудандарының ақсақалдар ұйымдары көрінді.

Нұрлан СҮЙІНОВ.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



ТҰРҒЫН ҮЙ

ЖАСТАР БАСПАНАЛЫ БОЛЫП ЖАТЫР

«Алматы жастарына» өтініштерді іріктеу жүзеге асырылды

Алматы қаласы әкімдігі 2022 жылғы 10–14 қазан аралығында www.almaty-zhastary.kz сайты арқылы «Алматы жастары» қалалық жеңілдікпен несиелендіру бағдарламасына қатысу үшін өтінімдерді қосымша іріктеуді жүзеге асырды.

Бағдарламаға ағымдағы жылдың негізгі конкурстық іріктеу кезеңінде (2022 жылғы 18 мамырдан 1 маусымға дейін) өтінім берген, бірақ құжаттардың дұрыс толтырылмауына/рәсімделмеуіне/берілмеуіне байланысты өтпеген өтініш берушілер ғана қатысты. Алматы қаласы коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы мамандарының мәліметінше, өтініштер мен құжаттарды қабылдау қорытындысы бойын-

ша 2135 қатысушы өз өтінімдерін редакциялады және құжаттарын жаңартты.

Барлық келіп түскен өтініштер мен құжаттардың Бағдарлама талаптарына сәйкестігі тексерілді және әр сала бойынша ең көп жинаған баллдар саны бойынша тізім жасалды. Іріктелген қатысушылардың тізімі, резервке енгізілген және қабылданбаған қатысушылардың тізімдері өтінімдерді қабылдау www.almaty-zhastary.kz сайтында орналастырылған. Іріктелген 183 үміткерлерге сайттағы жеке кабинетке «Отбасы банк» АҚ төлем қабілеттілігін растау үшін жолдама берілді.

Еске салсақ, осы Бағдарлама аясында кемінде 1000 несие беру жоспарланған. Бүгінде Бағдарлама бойынша 829 қатысушы баспаналы болды, тағы 27 қатысушы баспана іздеуде.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

АЙТЫЛДЫ-ЖАСАЛДЫ

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың мегаполис тұрғындарымен кездесулері белгіленген кестеге сай қаланың әр ауданында өтіп жатыр. Жақында сондай бір кездесу Алатау ауданында өткен болатын.



Спорт алаңы пайдалануға берілді

Шаһар басшысы Е.Досаев аудан әкімі А.Қалдыбековпен бірге тұрғындармен кездесіп, аудандағы өзекті мәселелерді талқылады. Қала басшысына қойылған көп өтініш-сұрақтардың бірі «Шаңырақ-2» ықшамауданында балалар ойын алаңының қажеттілігі болды. Аудан әкімі бұл мәселенің өзекті екенін, ықшамауданда спорттық-демалыс алаңын жасауға жер телімі бар екенін және ол арнаулы бағдарлама аясында жүзеге асатынын айтты. Шаһар басшысы Е.Досаев нақты осы мәселені бақылауда ұстайтынын жеткізген еді.

Нәтиже ұзаққа созылған жоқ. Алатау ауданында орындалып жатқан «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында кездесуде көтерілген мәселе де шешімін тапты. «Шаңырақ-2» ықшамауданында балаларға арналған спорт алаңын салу аяқталды. Жоба бойынша футбол, волейбол, workout және ойын алаңдары, демалыс жолдары жасалды, орындықтар қойылды. Сонымен қатар, асфальт төсеу, көше жарығы, абаттандыру жұмыстары атқарылды. Ықшамаудан тұрғындары риза болып жатыр.

Нұрлан СҮЙНН.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯ

ТАБИҒАТТЫ ТАЗА ҰСТАЙЫҚ!

«Табиғатта қоқысқа жол жоқ!» республикалық акциясы өз мәресіне жетті



Биыл қазан айында «Табиғатта қоқысқа жол жоқ!» атты жалпыұлттық экологиялық акция бастама алған болатын. Айтылған акция табиғатқа жанашырлық танытып, тұтынушылық көзқарасқа қарсы тұратын белсенді адамдардың басын біріктіру мақсатында ұйымдастырылды.

Қоқыстардан тазартуды қажет ететін ең ластанған жерлер анықталып, жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп акцияны өткізу кестесі бекітілген.

Бірінші кезең 8 қазан күні бүкіл республика бойынша басталып, соңғысы өткен сенбіде аяқталды. Акцияның барлық 4 кезеңіне экоактивистер, еріктілер, кәсіпорындар мен мемлекеттік органдардың өкілдері, жалпы халық болып қатысты. Бұл шамамен 847 мыңнан астам адам.

30 мың тоннадан астам қалдық жиналды. Жиналған қоқыс сұрыпталып, қайта өңдеуге 5,5 мың тонна шыны, 9,2 мың тонна пластик, 3,1 мың тонна резеңке, 4,4 мың тонна қағаз бен картон және 2,7 мың тонна металл жөнелтілді.

Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.



НЕ БАЙҚАДЫҢЫЗ?

Байқайсыз ба, тұрғын үйлердің аумағында орналасқан қоқыс жәшіктері қашан көрсең аузы-мұрнынан шығып, түрлі қоқыстарға толып тұрады. Бұл қоқыс уақытылы әкетілмейді деген сөз емес. Айтпағымыз, қала халқының тұрмыстық қалдықтарды сұрыптап тастау мәдениетіне әлі де үйрене алмай жатқандығы.



ҮЛГІ АЛУҒА БОЛАДЫ



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Кеше Сейфуллин мен Шевченко көшелерінің қиылысында орналасқан «БанкЦентрКредит» банкінің бөлімшесіне бардым. Кіргенім сол еді, көзім бірден мына бір (суретте) қоқыстарды сұрыптап тастайтын арнайы жәшіктерге түсе кеткенім... Өйткені, сырты қанық түстермен боялып, жазулары ірі әріптермен жазылған жәшіктерді байқамау мүмкін емес. Шамалауымша, жақында орналастырылған секілді. Ақырын барып, күзетшіден жәшіктердің қашан пайда болғанын сұрадым.

– Жәшіктердің келгеніне бір ай ғана уақыт болды. Мұндайлар банктің Алматыдағы барлық бөлімшесіне қойылды. Расында да, жақсы дүние екен. Банкке келгендер сыртындағы жазуына қарай әр затты өз жәшігіне тастап жатады. Әйтпесе, бұрын шағын қоқыс жәшіктерінің ішінде не болмайды дейсіз, бәрі араласып жататын. Қазір, міне, өзіңіз көріп тұрсыз. Жып-жинақы. Тап-таза. Ең бастысы – қоқыс сұрыпталып, жеке-жеке жәшіктерге түседі. Қазір елдер көшеде суын ішіп, тамағын жеп жүре береді ғой. Банкке де сол қарқынмен келіп, қолындағы сусынын ішіп отыра береді. Жұмысым болған соң ішкі тәртіп пен тазалықты бақылаймын. Көз алдында қай зат қайда тасталатыны анық жазылып, түрлі түспен боялып тұрғаннан кейін түсінікті болар деп ойлаймын.

Бүгінге дейін ешкім қоқысты сұрыптаудан жаңылған емес, – дейді күзетші ағамыз күліп...

Қоқысты түрлеріне бөліп жинау жүйесіне дамыған мемлекеттер әлдеқашан көшіп кеткен. Өйткені, бұл экологиялық тұрғыдан ғана емес, экономикалық жағынан да елдің дамуына үлкен көмек. Өкініштісі, біздің ел бұл жүйені неге екені әлі меңгере алмай келеді?

Қоқыс мәселесі Алматыда да өзекті екені рас. Бірақ оны шешудің осындай жолы бар екенін біле тұра, өз өмірімізге немқұрайды қарайтынымыз өкінішті, әрине. Егер әрбір азамат дәл осы әдісті өздері тұратын үйлерінде, қызмет ететін жұмыстарында қолдана, бәлкім бұл мәселені хәм қоқыс сұрыптауды үйренер ме едік?! Әйтпесе, сол үйден шығатын тұрмыс қалдығын түріне қарай ажыратып шығару үшін ешкімге арнайы бір білім алудың немесе қыр-сырын меңгеруге үйренетін дәрістер тыңдаудың еш қажеті жоқ қой. Бар болғаны, үйден қоқысты шығарғанда, қағазды, пластикті және қалған қоқыстарды жеке-жеке бөліп, сыртта тұратын 3 түске боялған контейнерлерге тастасаңыз болды емес пе?! Жалпы, эколог-мамандар жергілікті тұрғындардың өмір сүру мәдениетін үй маңындағы қоқыс үйінділерінен-ақ анықтауға болады дейді. Ендеше, өзіміздің Алматыдай алып шаһарда тұратын мәдениетті адам екенімізді көрсетіп, қоқысты сұрыптап тастауды үйренейік.

Дегенмен, аталмыш банктегі көрініс көпке үлгі аларлықтай оңды іс екен... Бұған сіз не дейсіз, оқырман?!





ЗАҢСЫЗ ҚҰРЫЛЫС

ҮЙ АЛҒАНДА АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!

Қала әкімдігі алматылықтарды заңсыз салынып жатқан тұрғын үй кешендерінен пәтер сатып алмауға шақырады



Мәселен, «Қарағайлы» шағынауданындағы «Французский дом» тұрғын үй кешені рұқсат құжатсыз салынып жатыр. Әрі меншік иесі шаруа қожалығын жүргізуге арналған жер телімінде тұрғын үй кешенін салуда.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Қала құрылысын бақылау басқармасының мәліметінше, шілде айында нысанды жоспардан тыс тексеру қорытындысына сәйкес меншік иесі ӘҚБТК-нің 20-тарау, 321-бап бойынша жауапкершілікке тартылған. Сонымен қатар, аталған заң бұзушылықты 19.10.2022 жылға дейін жою туралы бұйрық шығарылған. Бұйрық мерзімі өткен соң оны орындау үшін қайта тексеру тағайындалды, қазір құжаттары прокуратурада тіркеуден өтуде.

Сонымен бірге, басқарма құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізуге және салынып жатқан жылжымайтын мүлікті сатуға алдын ала шарт жасасуға тыйым салу туралы талап-арызды сотқа жолдады.

Қазір Алматыда салынып жатқан үйлер көп. Кез келген үйді сатып аларда оның тарихын білген жөн. Кейін келеңсіз жағдайлар болмас үшін оны міндетті түрде тексеріп алу керек. Осы орайда аталмыш басқарма +7 (727) 229-81-36 нөмірлі сенім телефонын іске қосты. Бұл арқылы сіз жылжымайтын мүлікті сатып алмас бұрын салынып жатқан тұрғын үй кешені құжаттарының бар-жоғын тексере аласыз.

Алматының «Зерделі» ықшамауданында құрылысы бітпеген екі тұрғын үйді сүру жұмыстары басталды. Оған жергілікті бюджеттен 1 миллиард 400 миллион теңге бөлінген. Бұл туралы қалалық Құрылыс басқармасының мамандары мәлімдеді.



ЗАҢСЫЗ ҮЙЛЕР СҮРІЛЕ БАСТАДЫ



Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Тұрғын үйдің құрылысы 2012 жылы басталған. Жоспар бойынша екі жылда толық аяқталып, пайдалануға берілуі керек еді. Ол үшін мемлекеттік бюджеттен 600 млн ақша бөлінген. Бірақ мердігер компания жауапсыздық танытып, құрылыс аяқсыз қалған.

9 қабатты тұрғын үйді сүру қазір басталып кеткен. Мұнда ауыр техника мен үлкен крандардың жеткізілгенін көріп тұрмыз. Жұмыс қазір қауырт жүріп жатыр. Қалалық Құрылыс басқармасының хабарлауынша, бұл үйді жарамсыз деп тапқан. Оған басты себеп – мердігер компания өкілі құрылысты сапасыз салған және жауапкершілік танытпаған. Мамандардың айтуынша, тұрғын үй жыл соңына дейін толық сүріледі.

Аудан тұрғындары бұл түйткілді біраз жылдан бері көтеріп жүр. Қанырап бос тұрған ғимараттың балалар үшін аса қауіпті екенін қала әкімімен кездесу кезінде де талай айтқан. Халықтың осы талап-тілегі ескеріліп, мәселе оң шешімін тапты.

«Зерделі» ықшамауданында 32 тұрғын үйдің 30-ы пайдалануға берілді. Ал екеуі мемлекеттік зерттеу мекемесінің шешімімен талапқа сәйкес келмеген. Сапасыз құрылыс жүргізген мердігер мекеме жауапқа тартылып, артылған қаржы мемлекетке қайтарылыпты. Әкімдік өкілінің айтуынша, бұл үйлерге үлескерлер ақша құймаған.

«Үйдің сапасы өте нашар. Атап айтқанда, арматурасы сәйкес келмейді, үйдің тығыздығы дұрыс емес. Үйдің аумағы кішкентай, аса ауыр техникалар кіре алмайды. 9 қабатты тұрғын үйді бұзу оңай емес, адамның күшімен жасалған жұмыс бұзылып жатыр», – деді Құрылыс басқармасы басшысының орынбасары Айдар Нұрғожаев.

Басқарма басшыларының мәліметінше, бұл үйлердің құрылысымен айналысқан компанияның сапасыз жұмысынан бөлек, үй тұрғызылғаннан кейін мұндағы топырақ жұмсарып, кейіннен баспана қисайған екен. Тұрғын-жай сүрілгеннен кейін бұл аумаққа үлкен саябақ салу жоспарланыпты. Келер жылы аудан тұрғындары демалып, серуен құруға мүмкіндік алады.

САЙЛАУ-2022



ТІЗІМДЕ БАР- ЖОҒЫҢЫЗДЫ ТЕКСЕРІҢІЗ!

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бұл туралы Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Нұрлан Әбдіров Орталық сайлау комиссиясының отырысында мәлімдеді. Оның айтуынша, 4 қарашадан бастап азаматтарға тиісті сайлау учаскелеріндегі сайлаушылар тізімінде өздерін тексеруге, сондай-ақ басқа сайлау учаскесінде дауыс беру құқығына есептен шығару куәлігін алуға мүмкіндік беріледі. Мұны 19 қарашада жергілікті уақыт бойынша 18.00-ге дейін жасауға болады.

«Дауыс беру құқығына есептен шығару куәлігін ұсынғаннан кейін учаскелік сайлау комиссия-

сы дауыс беру күні сайлаушының өзі тұрған жердегі сайлау учаскесіндегі сайлаушылар тізіміне енгізеді. Есептен шығару куәлігі бір елдімекен шегінде басқа сайлау учаскесінде дауыс беруге қатысқысы келетін сайлаушыларға берілмейді», – деп түсіндірді Нұрлан Әбдіров.

ОСК деректеріне сәйкес, тізімге енгізілген сайлаушылардың жалпы санының бір пайызын құрайтын резервті қоса алғанда, алдағы Президент сайлауы бойынша сайлау бюллетеньдерінің саны 12 069 990 дананы құрайды.

Сайлау бюллетеніне мемлекеттік тілдің алфавиттік тәртібімен Тегі, Аты, Әкесінің аты көрсетіле отырып, Қазақстан Республикасының Президенттігіне тіркелген барлық кандидат енгізіледі. «Бәріне қарсы» таңдауы да алғаш рет енгізілді.

ӘЛЕУМЕТ

Көпбалалы аналармен кездесті

Қала әкімі қарашаға арналған кездесулердің кестесін бекітті

Аудан әкімдерінің қала басшысы бекіткен 2022 жылдың қазан айына арналған қаланың көпбалалы аналарымен кездесу кестесіне сәйкес, қала аудандарының әкімдерімен 8 кездесу өткізілген.



Аудан әкімдерінің 2022 жылғы қарашадағы қаланың көпбалалы аналарымен кездесулерінің кестесі

№	Өтетін күні	Уақыты	Өтетін орны
Алатау ауданы			
1	23.11.2022 ж.	сағат 10.00	«Бақытты отбасы» орталығы («Нұркент» ш/а, 5, 26-блок)
Алмалы ауданы			
2	22.11.2022 ж.	сағат 10.00	«Бақытты отбасы» орталығы (Наурызбай батыр, 106 А)
Әуезов ауданы			
3	28.11.2022 ж.	сағат 10.00	Әуезов ауданы әкімінің аппараты (Алтынсарин даңғылы, 23)
Бостандық ауданы			
4	25.11.2022 ж.	сағат 10.00	«Бақытты Отбасы» орталығы (Розыбакиев к-сі, 250)
Жетісу ауданы			
5	08.11.2022 ж.	сағат 10.00	«Бақытты отбасы» (Жансүгіров к-сі, 65)
Медеу ауданы			
6	16.11.2022 ж.	сағат 10.00	№33 мектеп-лицей (Төле би к-сі, 10-үй)
Наурызбай ауданы			
7	11.11.2022 ж.	сағат 10.00	Наурызбай ауданы әкімінің аппараты («Шұғыла» ш/а, 347)
Түркісіб ауданы			
8	24.11.2022 ж.	сағат 10.00	«Бақытты отбасы» орталығы (Р.Зорге к-сі, 9)



ҚАЛА ӘКІМІНІҢ ТАПСЫРМАЛАРЫ ОРЫНДАЛЫП ЖАТЫР

БОСТАНДЫҚ АУДАНЫ

Көп күттірмей, жол жасап берді



Қала әкімінің аудан тұрғындарымен кездесуі нәтижесін беріп жатқаны қуантады.

Мәселен, Бостандық ауданының халқы шаһар басшысымен өткен кездесулердің бірінде Талапты көшесінің тұрғындары жолдарындағы шұрк-тесік, ойықтың көптігінен жаяу жүргінші де, көліктер де зардап шегіп жатқандарын айтып, жолдың бүлінген аймағына асфальт төсеп беруін өтінген болатын.

«Халық үнін еститін мемлекет» деген міне, осы болса керек, қала әкімдігі көптің өтінішін ескерусіз қалдырмай, «Ерменсай» шағынауданындағы Талапты көшесіне асфальт төсеп берді. Бұл мәселені бір топ көршіміз көтерген еді. Қала әкіміне және халық үшін қызмет етіп жүрген барлық азаматтарға алғыс айтамыз. Қалай болар екен деп кездесуге барғанда шаһар басшысына өтініш айтқанбыз. Көшемізді тақтайдай тегіс, оқтаудай түп-түзу етіп жасап берді. Енді жұмысқа барарда да, үйге қайтарда еш қиындықсыз қатынайтын боламыз. Өтінішің орындалып жатса, қалай қуанбайсың?!», – дейді аудан тұрғыны Ақан Нұрманов.

Халықтың қала билігінен күтетіні де осындай нәтижесі көңіл қуантайтын шаралар екені белгілі. Сондықтан алдағы уақытта да тұрғындардың өтініші жерде қалмай, дәл осылай орындала беретін болса, Алматының шеткі аудандары бір-екі жылда-ақ көз сүйсінерлік аймаққа айналары сөзсіз.



Құраған ағаштар кесілді

«Қазақфильм» ықшамауданының тұрғындары да қала әкімімен кездесулердің бірінде құраған ағаштарға байланысты шағымдарын жеткізген. Расында да, үйдің шатырына құлаған ағаш бұталарының адам өміріне қауіпті төндіруі бек мүмкін. Дер кезінде айтылған өтініш уақыт оздырмай орындалды. Ал бұған жұртшылық «жауапты мамандар осылай жұмыс істесе, шешілмейтін мәселе жоқ қой!..» деп ризашылықтарын білдіріп жатты. «Қала әкімдігіне ризамыз,

ағаштардың барлығын кесіп, айналамызды тазартып берді, көптің алғысына бөлене беріңіздер!», – дейді алматылық Абай Молдалиев.

Бостандық ауданы көріктендіру бөлімінің басшысы Арман Мизамбековтің айтуынша, ауданда қазір тұрғындар өтініші бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр. Ал жалпы әкімдіктегілер аудан тұрғындары сәл күтсе, Алматы қаласының әкімімен кездесуде айтылған тұрғындардың сұрақтары бірі қалмай шешіледі деп отыр.

НАУРЫЗБАЙ АУДАНЫ

Жөндеу жұмыстары басталды



Наурызбай ауданы тұрғындарына қуанышты жаңалық – ауданда бірнеше көшеде жол жөндеу жұмыстары басталды. Қазіргі таңда «Арман» саяжайы, Қонаев, Егінсу көшелерінде толық жол салу жұмыстары атқарылып жатыр.

Ал ішінара жөндеу жұмыстары «Жасыл жер» бау-бақша бірлестігі, Кенесары хан, Усиков, Мереке көшелерінде жүргізілуде.

– «Almaty aqshamy» газетінің редак-

циясында жол мәселесі бойынша бірнеше рет хат жолдағанбыз. Өтінішімізді аяқасты етпей, газет бетіне шығарды. Нәтижесінде қазір көшемізде жөндеу жұмыстары басталды. Рахмет! Енді жұмыстың бітуін күтеміз, – дейді наурызбайлық тұрғын Назира Қалдыкова.

Аудан әкімінің айтуынша, жөндеу жұмыстары ағымдағы жылдың соңына дейін аяқталып, тұрғындардың пайдалануына тапсырылады.

АЛАТАУ АУДАНЫ

Мәселе шешілді

Қала әкімінің кездесуінен кейінгі шаһардағы асфальтталған тағы бір көше жайында айта кетейік. Ол «Теректі» ықшамауданындағы Жәдігер көшесі. Тұрғындар бұл құрылысты күтіп жүргеніне жылдан аса уақыт кеткенін айтады.

– Қаншама жылдан бері көшенің батпағына шыдап келдік. Көшеміз тар болған соң ба, жолдың жөнделмегені де қиындық тудырған еді. Үйдің алдынан автобус қатынамайтындықтан, 1-2 шақырым жаяу жүреміз. Жолдың ойық-тесіктері кедергі болатын. Ауа райы қолайсыз күндері, тіпті, батпаққа батып қалатынбыз. Мәселеміз шешілгендей.., – дейді аудан тұрғыны Насыр Әбубәкір.

Газет тілшілері барып көрген мекенжайда қазір жол тегістеліп, тұрғындардың жүріп-тұруына ыңғайлы жағдай жасалған. Айта кетерлігі, бүгінде ықшамауданда жаңа ойын алаңдары да салынып, пайдалануға ұсынылған.

– Кез келген жергілікті атқарушы орган өкіліне халықпен кері байланыс орнату өте маңызды. Өте жылдам қарқынмен дамып жатқан заманда мәселе көтерген әрбір ақпаратқа жедел әрі нақты жауап беріп, түйінді мәселенің оң шешімін табуына ықпал ету – біздің мақсатымыз, – деді аудан әкімі Азамат Қалдыбеков.

«Азаматтардың, халықтың барлық өтініш-тілектерін жедел түрде әрі тиімді қарастыратын «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру, барлығымызға ортақ міндет».

(ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауынан)



«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы бүгінде көптеген мәселеге қозғау салып, қалың ел тарапынан қолдау тауып отыр. Нәтижесінде, тұрғындардың өтініштері қараусыз қалмай, жол жөнделіп, аула тазарып, көшелер абаттанып келеді.

КЕРЕК ДЕРЕК

- 2025 жылға қарай Алматы жолдарының 95%-ы жөнделеді
- Қалада жыл сайын кемінде 200 км жолға орташа жөндеу жүргізу жоспарланған.



САЙЛАУ-2022

Бауыржан МАҚҰЛБАЕВ,

Қазақстан Заңгерлер одағы Алматы филиалының директоры:

САЙЛАУ ҚҰҚЫҒЫ ЕСКЕРІЛГЕНІ ЖӨН



Алдағы кезектен тыс Президент сайлауында адамдардың өз құқығын білгені жөн. Біріншіден, сайлаушылар сайлау бөлмесінің құпиясын қатаң есте сақтауы керек.

Әр адамның дауыс беруі – бұл әркімнің жеке ісі, сайлаушылардың құпиялылыққа толық құқығы бар. Екіншіден, азамат дауыс бергеннен кейін оның кімге дауыс бергенін сұрауға не оны жазып тіркеуге ешкімнің құқығы жоқ. Үшіншіден, қазір алты үміткер бар. Егер сайлаушы ешкімге дауыс бергісі келмесе, «бәріне қарсы» бағанасын тандай алады. Яғни адамдар сайлауға қатысты кез келген тілекті толық көлемде жүзеге асыра алады. Мұны барлық адамдар білуі керек.

Сондай-ақ, сайлау алдында ескерілетін мәселелер бар. 2005 жылдан бастап президенттік сайлауда жиі орын алатын заң бұзушылықтар арнайы арандатудың кесірінен болады. Содан кейін адамдар сайлау құқығының бұзылуына шағымданады. Мысалы, адамдар басқа қалаға арнайы келіп, «Бізге сайлау парактары жоқ, бізді кіргізбей жатыр» деген сияқты шу шығарады. Негізінен,

әр адам іссапармен басқа аймақта жүретін болса, уақытша тіркеуі бойынша дауыс беру орны туралы алдын ала хабарлауы керек. Мұндай істерді сот тексере бастағанда, шағымданушы бір-екі сағат ішінде бір елдімекеннен басқа елдімекенге барып, мұнда сайлау құқығы бұзылғанын көрсеткені анықталады.

Айта кеткен жөн, Президенттікке үміткер тарапынан да заң бұзылуы мүмкін. Олар үгіт-насихатқа пайдаланылған ақша көзін айтуы керек. Егер үміткер бұл ақпаратты жасыратын болса, онда бұл сайлау заңнамасын бұзу екенін ескерген жөн. Содан кейін сайлау комиссияларының құрамы жылдан-жылға өзгермейді деген шағым жиі айтылады. Біріншіден, заң шектемейді. Екіншіден, сайлау комиссияларында бір адамдар, ал іс жүзінде басқалары болды деген шағым да айтылды. Бірақ олардың барлығы тексеруден өтті және мұндай нақты фактілер анықталған жоқ. Дегенмен, кез келген жағдайда айтылған фактілердің алдын алу керек. Мұндай құқық бұзушылықтарды болдырмау үшін жақсы дайындық қажет.

Ғалым ҚАЛИБЕКҰЛЫ,

Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, ақын:

Ескі жүйеден арылу қажет

Жаңа Қазақстан құрамыз дедік, ал Жаңа Қазақстан қандай болуы керек? Жаңа Қазақстан ескі жүйеден арылуы керек, бәрі де жаңаша болуы керек, жаңа әлеует болуы керек.

Сондықтан сайлаудың маңызы зор. Әлемде соғыстар, қақтығыстар болып жатыр. Көршілеріміз, іргелес көршілердің өзі

тыныш емес. Ал біздің елге тыныштық керек, біріншіден. Екіншіден, бізге халықтың жағдайын жасау керек, тұрмыс деңгейін көтеру керек, мынау қоғамдағы әділеттілікті орнату керек. Әділ сайлаудан сүрінбей өтеміз деп ойлаймын өз басым. Елдің болашағы жарқын болуы үшін мықты азамат, мықты Президент керек.

Ақан ӘБДУӘЛІ,

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері:

Әділ жолға қойылды




Әлемдегі болып жатқан геосаяси мәселелерде біздің мемлекет ішіндегі реформа өте дұрыс бағытта даму керек, жасалу керек. Біріміз қосылуымыз керек, себебі елдің тыныштығы ең бірінші кезекте. Биылғы ең үлкен мәселе әлі дамыған мемлекеттерде болмаған және де бізбенен одақтас болған 15 мемлекетте, қазір әрқайсысы өз алдына тәуелсіз мемлекет, солардың әлі ешқайсында кездеспеген ең үлкен мәселе, бұл – Президенттік сайлау. Бір рет қана Президент болуға тиіс.

Әр Президенттің мерзімі – 7 жыл, ол бір рет сайланғаннан кейін екінші рет сайлауға түсе алмайды. Бұл кәдімгі үлкен сенімменен, нақты қадаммен, батырлықпен, ержүректікпен жолға қойылған нәрсе. Сондықтан осы сайлауға атсалысуымыз қажет деп ойлаймын.

ЖОЛДАУ-2022

Баршаға бірдей мүмкіндік

Досбол
АТАЖАН

Мемлекет басшысының қыркүйек айындағы Жолдауында «Еліміздің басты құндылығы – адам. Бұл – айқын нәрсе. Сондықтан ұлттық байлықты тең бөлу және баршаға бірдей мүмкіндік беру – реформаның басты мақсаты» деген болатын. Яғни Президентіміз халық әлеуетін көтеруге баса назар аударып отыр. Осы орайда, еліміздегі кедейшілік деңгейі 20 жылда 9 есе төмендегенін айта кеткен жөн.

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің дерегіне, халықты әлеуметтік қолдау жөніндегі белсенді шаралардың арқасында 2001–2021 жылдар кезеңінде Қазақстанда кедейлік деңгейі, яғни табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен халықтың үлесі 46,7%-дан 5,2%-ға дейін төмендеген.

Әлеуметтік саясаттың негізгі міндеті және оның тиімділігінің басты өлшемі – Қазақстан халқының әл-ауқатын ұдайы арттыру. Елдегі кедейлік деңгейінің серпінді төмендеуі 2000–2005 жылдар кезеңінде қолданыста болған республикалық бағдарламаларды іске асырудың нәтижесі болды. Бұл үдерісте 2002 жылы күшіне енген «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы» Заңның қабылдануы ерекше рөл атқарды. Бұл құжатта қандай да бір объективті себептерге (жасына, уақытша еңбекке жарамсыздығына, денсаулық жағдайына, жұмыстың болмауына және т.б.) байланысты өз тыныс-тіршілігі үшін жағдайларды қамтамасыз етуге қиындық көріп отырған табысы аз азаматтарға атаулы әлеуметтік көмек (бұдан әрі – АӨК) көрсету көзделді.

Елдің индустриялық дамуының жаңа кезеңіне өтуі жағдайында қолданыстағы ең төменгі әлеуметтік стандарттарды қайта қарау, АӨК күшейту, снжар көмектен өмірлік қиын жағдайды еңсеру үшін отбасылардың еңбек белсенділігі мен күш-жігерін ынталандыратын белсенді саясатқа көшу қажеттілігі қалыптасты. Осыған байланысты 2020 жылдан бастап атаулы әлеуметтік көмек көрсетудің қолданыстағы жүйесі түзетілді. Негізгі бағдар еңбекке ынталандыру, табысы аз азаматтардың табыстары мен мемлекеттік қолдау мөлшерлерін есепке алуға қатысты ашықтық пен әділдікті қамтамасыз ету болды.

Министрлік мәліметінше, бүгінгі күні белгіленген әлеуметтік көмек қоғамның осал топтарына уақытылы берілуде. 2022 жылдың 1 қазанына әлеуметтік топтама алушылар саны 343 мың баланы құрады, оның ішінде азық-түлік пакетін 1 жастан 6 жасқа дейінгі 178,4 мың бала, «Жаппай оқыту» қоры шеңберінде 7 жастан 18 жасқа дейінгі 164,6 мың бала көмек алды. Жалпы республика бойынша 2022 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша 43 млрд теңге төленді.

Дегенмен, Мемлекет басшысы өткен Жолдауында әлеуметтік қамсыздандыру жүйесіне өзгеріс енгізу керектігін де айтты: «Біз 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап бала күтімі үшін төлемақы төлеу мерзімін сәби бір жарым жасқа толғанға дейін ұзартамыз. Балалардың ең маңызды шағында – сәби кезінде ата-аналары жанында көбірек болады».

Президентіміз белгілеген бағытты назарға ала отырып, билік тарапы еңбекке ынталандыруға және табысы төмен отбасылардың өмірлік қиын жағдайды еңсеруіне тиісті деңгейде көмек көрсетеді, әлеуметтік төлемдердің ашықтығын және әділдігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді деп сенеміз.

20 қараша 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ САЙЛАУЫ

ПРЕЗИДЕНТТІККЕ КАНДИДАТТЫ ҚОЛДАУ ҮШІН

ҚОЛ ЖИНАУ ҚАЛАЙ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАДЫ

Кандидатты сайлаушылардың жалпы санының кемінде 1% қолдауы керек

Сенім білдірілген адам:

Қол жинаушы адам кандидаттың сенім білдірілген адамын тіркеу туралы куәлікті көрсетуі тиіс

Қол жинауды ұйымдастырады

Қойылған қолдардың дұрыстығы 5 күн ішінде тексеріледі

Қол қою парақтары аумақтық сайлау комиссиясына тапсырылады

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы

● ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

ЭЛЕКТРОНДЫ ТЕМЕКІГЕ НЕГЕ ӘУЕСПІЗ?



Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Соңғы уақытта жаңа терминдер көбейді. Бәлкім, заманның ығы шығар. Сондай жаңалықтың бірі – электронды темекі. Өкінішке қарай, оны қызығып тартатындар саны артып барады. Бірақ зияндылығы қаншалықты екенін ескермей келеміз.

Қазақстанда бір реттік электронды темекімен күрес мәселесі қолға алынған болатын. Мұның жайын Ұлттық экономика министрлігі, одан бұрын Мәжіліс депутаттары көтерді. Осыған орай, заңсыз сатылым, көлеңкелі бизнеске тосқауыл қою жағы да ұсынылуда. Осыған қарамастан 11 жастан 15 жасқа дейінгі электронды темекі шегетін жасөспірімдердің саны 3 есеге көбейген.



Қыздар ойланса екен...

Бүгінде шылымның неше атасы бар. Бұрын қағазға оралған, түбі қызғылт-сары болып келетін біркелкісін көретінбіз. Тәтті, ашы қосылғаны, басқа да кездеседі. Әркім қалағанын алады. Бұл арада ескеретін жағдай көбірек.

Ашық дереккөздерде қарапайым темекінің құрамы туралы бірқатар деректер бар. Мәселен, темекі – жапырағында танин, желім, шайыр, крахмал және алколоидер бар өсімдік. Оның түтінінде 30-дан астам улы заттар бар: никотин, көмірқышқыл газы, көміртек тотығы, көгеретін қышқыл, аммиак, шайырлы заттар, органикалық қышқылдар және басқалары. Сонымен қатар, темекі салдарынан ауаға жылына 720 мың тонна күкірт қышқылы, 384 мың тонна аммиак, 180 мың тонна никотин, 660 мың тонна темекі майы, 550 мың тоннадай істі газ шығады.

Денсаулық сақтау министрлігінің дерегіне, Қазақстанда 15 жастан асқандар арасында 21,5%-ы темекі шегеді. Оның ішінде, 38%-дан астамы – ер адамдар болса, ал 6,4%-ы – әйелдер.

Жастар – болашақтың тұтқасы

Мегалополиске әркім де құмар. Әсіресе, жастар. Келеді, оқиды, жұмыс істейді. Сосын еліктеп зиянды заттарды тұтынады. Күндердің күнінде әуестенгені әбестікке айналады.

Бұрын ауылда жүргенде ата-анамыз темекі, ішімдіктен сақтандыратын. Оған жол бермеуге тырысатын. Десе де, қатарластарымыздың арасында шылым шегетіндер табылатын. Айтсаң, тыржия қарайтын. Біз де қолды бір сілтейтінбіз. Көрші-қолаңның көзіне түспей, тығылып тартатындар да бартын. Мектеп бітіріп, қалаға келгеннен кейін, бұғау босайды. Сөйтіп, әртүрлі дос табады. Олармен шылым шегіп, жастықтың алауын жақпау ыңғайсыз көрінеді. Таңсық нәрсе әрқашан



● БІЛЕ ЖҮРІҢІЗ!

Нарықтық экономикада шектеу жоқ. Әйтсе де, адам ағзасын улайтын заттарға тыйым болғаны абзал. Әйтпесе, оның соңы қауіп-қатерге әкеліп соқпасына кім кепіл? Әрбір шылымның сыртқы қорабында қаншалықты зиян тигізетіндігі жазылған. Мүге-дектікке, белсіздікке, онкологиялық ауруларға душар ететіндігі ескертілген. Ал енді өзіңіз ойлай беріңіз, осының арты қалай болмақ? Соңғы уақыттары «электронды сигара» шығуда. Оны жазып, дәлелдеп қажеті жоқ. Барлығы түсінікті. Әсіресе, жас жеткіншектер, қыз балалардың әуестігі қиналтады.

Соңғы кездері электронды темекіге құмарларды көзіміз көп шала бастады. Қоғамдық орында нәзік жандылардың оғаш қылыққа құштарлығын байқаудамыз. Бұл мәселені көтермесек, бәрімізге сын болғалы тұр. Қыздарымыз кез келген ортада темекі тартады. Ешкімнен қымсынбайды. Ұят-аят деген қалған. Қалаға білім іздеп келіп, зиянды әдетке бейімделеді. Ал оған барып, «мұның дұрыс емес, қыз баласың, болашақ анасың» десек, өзімізге салынады. Олардан ертеңгі күнгі ұрпақ өрбиді. Сол кезде өмірге дені сау, зерек ұрпақ келсе деген ниеттеміз.

Өйткені, әйел азаматшаларымыз отбасының ұйытқысы. Олардың өздеріне керегі жоқ нәрсеге құмартқаны әбестік. Одан да пайдалы істермен айналысып, қоғамға ұйытқы боларлықтай үлес қосса игі.



оқып, білім алып, тәжірибе жинақтаған мың есе артық емес пе?!

Жастар – болашақтың қозғаушы күші. Олар келешек әкім, министр, керек десеңіз – Президент. Сонда осылай болмашыға бой алдырсақ, не болғанымыз?!

Спортқа ешнәрсе жетпейді

Ел арасында «спорт – денсаулық кепілі» дейді. Бұл ғибратты сөздің мәні тереңде. Зиянды заттарға ерік бергеннен гөрі, денені шынықтырайық. Сонда деніңіз сау, қимыл-қозғалысыңыз ширақ болады.

Спорт – ең пайдалысы. Қай жағынан алып қарасаңыз да, денсаулыққа әсері мол. Бір мезгіл жүгіріп, арасында дене жаттығуларын жасап, секіріп, созылып қойған жөн. Күн ұзаққа жұмыстан бас алмай отыру оңай емес. Оның арты буын ауруына, аяқ-қолдың сырқырауына әкелуі мүмкін. Ал біз кеңседегі істен талықсығанда, тыста темекі тартуды құп көреміз. Тіпті, одан да зерігіп, бөлмеде электронды шылым тарта бастадық. Өзімізді жұбатып, түтіні жоқ деп қоямыз. Кейде масаттанып, тәтті дәмі бар, неше түрлі гүлден жасалған, шоколад дәмі қосылған деп мәз боламыз. Алайда, никотиннің аты – никотин. Өзіне тәуелділіктен басқа, опа бермейді. Сондықтан шылымнан гөрі шынығуды таңдайық. Әйтпесе, бәріміз темекінің түр-түрін тартып кететін жағдайымыз бар. Әрнәрсенің тоқтамы болғаны дұрыс.

Алматыда бұқаралық спортпен айналысатындар қатары көбейді. Жыл сайын жүгіруден марафондар, турникке тартылу бойынша республиканың әр түпкірінде сайыстар өтуде. Осындай бәсекеге дайындалып, қатысып, жүлдегер атанғанға не жетсін?! Ал ішімдік пен темекі ағзаны тоздырады. Одан өзге кәдесін көргеміз жоқ. Біз естір құлаққа жағымды етіп, ой-пікірімізді ортаға салдық. Ар жағын әркім өзі ұғар.

● ТҮЙІН:

Көрнекті жазушы Мұхтар Әуезов «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» депті. Жоғарыдағы ойларды қорыта айтқанда осыған саяды. Сондықтан зиянды нәрсеге аса әуестенбеген абзал. Бос уақытта спортқа жақын болып, пайдалы іспен айналысса, нұр үстіне нұр болар еді.

**Балалар
жылы
2022**

ТӘРБИЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА НЕГІЗДЕЛСЕ...

Еліміздегі мектепке дейінгі мекемелер енді бүлдіршіндерге ұлттық құндылықтарды негізге ала отырып, тәрбие бермекші. Бүгінде жаңа бағдарлама қабылданып, балабақшалар оны қолданысқа енгізуге әзірленіп жатыр. Жалпы, жаңа тәжірибе еліміздегі 39 мектепке дейінгі мекемеде тексеруден өтуде. Алғашқылардың бірі болып – Алматыдағы №187 бөбекжай-балабақша жаңа бағдарламаны қолға алып отыр.

Бөбекжай-балабақша ұжымы дәл қазіргі таңда жас ұрпақты «Асық технологиясы», «Аңыз-әңгімелерді аудиомен айтатын мобилді кітапхана», үнемі қазактың ұлттық әуені кернеп тұратын «Түзды үңгірді» пайдалану сынды ұлттық құндылықтарды пайдаланып, бүлдіршіндерді ұлтын сүйетін тұлға етіп тәрбиелеп жатыр.

«Балаларды ерте дамыту институты» директорының орынбасары Мәрия Ерманова Түркісіб, Жетісу аудандарының білім бөлімі әдіскерлері, мектепке дейінгі ұйым басшылары мен мектепалды даярлық педагогтарымен кездесу ұйымдастырды. Кездесу барысында Оқу-ағарту министрлігінің ағымдағы жылдың 14 қазандағы №422 бұйрығына сәйкес бекітілген жаңа бағдарламаны талдап, түсіндіру жұмысын жүргізді.

Сонымен қатар, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті

стандартының талаптарын сақтау, «Үлгілік оқу жоспарлары» мен «Үлгілік оқу бағдарламасын» іске асыру бойынша кеңінен түсіндірді. Бұған қоса, республикамыздың мектепке дейінгі ұйымдарында өткізіліп жатқан апробация мақсатына да жан-жақты тоқталып өтті. Педагогтар да жаңа бағдарламаға қатысты өздерін толғандырып жүрген өзекті мәселелер бойынша сұрақтар қойып, өз ойларын ортаға салды.

Елімізде қолға алынып отырған «Өсу нүктесі» пилоттық жобасы аясында Түркісіб ауданының №187 бөбекжай-балабақшасы мен Бостандық ауданына қарасты №83 бөбекжай-балабақшасында «Мектепке дейінгі ұйымдағы топта күн бойында екі педагог» пилоттық жобаларын және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың сапасын бағалау өлшем шарттарының апробациясы сәтті өткізіліп жатыр.



Ләззат КӘРІМҚЫЗЫ,
Жетісу ауданы, №67 бөбекжай-балабақша меңгерушісінің
міндетін атқарушы:

– Біз №187 бөбекжай балабақшасында апробация бойынша екі тәрбиешінің бір мезгілде жұмыс жасап жатқанының өте тиімді екеніне куә болдық.

Менің ой түйгенім, балабақшада барлық жағдай жасалған. Балалардың өздері қалаған ойынды ойнауы, бір мезгілде екі тәрбиешінің барлық баламен жұмыс жасауы қатты қуантты. Екі тәрбиеші жұмыс жасаған кезде біріншіден баланың қауіпсіздігі басты назарда болып, түрлі жағдайлардың орын алуы азаяды. Екі тәрбиеші болған уақытта топтағы әр бүлдіршінге көңіл бөлінеді. Сонымен қатар, ойын барысында әр баланы зерттеп, оның қызығушылығын аңғаруға болады.

Жаңа бағдарлама барысында №187 балабақшада бүлдіршіндердің барлығының педагогтармен қамтылып, өз ойын жеткізуге деген ұмтылысы, өзі ұнататын әрекетпен айналысуымен танысып қайттық. Ендігі жерде барлық балабақшалар осылайша екі тәрбиешімен жұмыс істесе, балаға да, ата-аналарға да тиімді болар еді.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Мәрия ЕРМАНОВА,

«Балаларды ерте дамыту институты» директорының орынбасары:

– Сонау ертеден-ақ біздің ата-бабаларымыз балаларын үлкеннің тілін алып, құрметтеуге, кішіге жанашырлық танытуға баулыған. Үлкенді сыйлауды әжелеріміз балаларының ойына салып отырған. Мектепке дейінгі мекемелерде осындай ұлттық тәрбиені бүлдіршіндеріміздің бойына жалықтырмай, ойын арқылы дарытсақ дейміз.

Жалпы, пилоттық жобаның басты мақсаты – мектепке дейінгі мекеменің тәрбие мен оқыту саласындағы озат тәжірибесін тарату және енгізу, педагогтардың жүктемесін азайту, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту сапасын арттыру. Сонымен қатар, апробацияны өткізу үшін мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық базасын жетілдіріп, «Өсу нүктелері» құзыреттілік орталықтары жұмысын ұйымдастыру үшін топта күн бойы екі педагогтың бірлесіп жұмыс істеуіне қажетті жағдай жасалынып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың сапасы арттыру көзделуде.

ПӘНДІК ОЛИМПИАДА

Мемлекет басшысының тапсырмасына орай, биылғы Балалар жылында алғаш рет Халықаралық пәндік олимпиадалардың 27 оқушысы 73 млн теңгеден астам қаржы алды. Дарынды балалардың ұстаз-тәлімгерлері де біржолғы ақшалай төлемдерге ие болды.

Алғашқы сыйақы иесін тапты

Еліміздің мектеп оқушылары пәндік олимпиадаларға қатысу тарихында алғаш рет ақшалай сыйақыға ие болып отыр. Мұндай бастаманы алғаш рет ел Президенті көтеріп, дарынды балаларды ынталандыру жөнінде тапсырма берген еді. Сондай-ақ, 27 медаль иегері еліміздің жоғары оқу орындарында тегін оқуға мүмкіндік алатын болды. Оқушылар білімдерінің арқасында тапқан сыйақының бір бөлігін депозитке салса, қалғанын ата-аналарына көмек ретінде беріп жатқан сыңайлы. Мұндай ақшалай марапаттар үлкен ынта-жігер, мотивация береді. Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау аясында Оқу-ағарту министрлігі халықаралық пәндік олимпиадалардың жеңімпаздарына 1,5 млн-нан 4,5 млн теңгеге дейін сыйақы тағайындаған еді. Биыл тізімге 7 олимпиада кірсе, келесі жылы ол тағы 7 олимпиадамен толығымен болады.

ЦИФРЛАНДЫРУ

IT мектептер қатары артып келеді

Соңғы жылдары елімізде 41 IT мектебі ашылған екен. Қазіргі кезде оларда 55 мыңнан астам оқушы оқып жатыр. Бұл – 2021 жылмен салыстырғанда, 3 мыңға көп. IT мектептер заманауи құрал-жабдықтармен және робототехника кабинеттерімен толығымен жабдықталған. Сондай-ақ, оқушылар үшін цифрлы білім мен дағдыларды дамытуға бағытталған арнайы білім беру бағдарламалары да әзірленген.

Бұл орайда Оқу-ағарту министрлігі білім саласындағы цифрландыруға көп көңіл бөліп отыр. Мәселен, мектептер электронды қызметтерді пайдаланады, онлайн олимпиадалар, онлайн жарыстар өткізеді, құжаттар электронды форматта да қабылданады. Жуырда елімізде өткен ТМД-ға мүше мемле-



кеттердің съезінде цифрландыру білім беру үдерістеріне қалай енгізіліп жатқаны сөз болды. Жалпы, балаларды цифрландыруға үйретуді қолдаған дұрыс. Ол үшін IT мектептерді кеңінен ашуды қолға алу керек. IT мектептердің ерекшелігі – IT технологиялар саласындағы мамандану, ерте профильдеу, робототехника мен бағдарламалауды тереңдетіп оқыту, 3D модельдеу. Бүгінгі таңда

IT мектептерде оқитын балалар жалпы білім беретін пәндер мен робототехника бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар байқауларына белсенді түрде қатысып жүр. Биыл Индонезияда өткен информатикадан халықаралық олимпиадада оқушылар 2 күміс және 2 қола медаль жеңіп алды. Қазақстан атынан беделді олимпиадаға 4 оқушы қатысты.

ТЕГІН БІЛІМ

Қорғаныс министрлігі мен еліміздің жоғары оқу орындары арасындағы келісімге қол қойылды.

Келісімге қол қойды

Қорғаныс министрі, генерал-полковник Руслан Жақсылық және жоғары оқу орындарының ректорлары қатысқан іс-шарада белгіленген мерзімде қызмет еткен әскери қызметшілерге тегін жоғары білім алу мүмкіндігін беру жөніндегі бірлескен жоба әскери қызметтің беделін арттыруға ықпал ететіні айтылды. Елуден аса жоғары оқу орындарының

басшылары қол қойған келісімде ынтымақтастық бағыттары, сондай-ақ мерзімді әскери қызмет өткерген адамдарға конкурстан тыс өтуге жеңілдіктер берілетіні болды. Аталмыш келісімдер 2023 жылдан бастап күшіне енеді.

Бетті әзірлеген
Рая ЕСКЕНДІР.



АДАМ ЖӘНЕ ЗАҢ



Кедендік тексеріс шекарадағы кедергілерге шек қояды

Қай елде де кеден саласы қоғамның дамуы үшін негізгі бағыттардың бірі болып келеді. Мемлекеттің ішкі жағдайы шекарасынан-ақ білінеді. Сол үшін кеден саласында кемдік болмауы шарт.

Шекара арқылы өтетін жолаушылардың қол жүгін, т.б. жеке заттарды, жолаушыларды, жүктер мен көлік құралдарын, тасымалдауға тыйым салынған әртүрлі заттарды тексеріп, қауіпті әрі белгісіз жүктерді шекарадан өткізбеу елдің қауіпсіздігі үшін маңызды.

Сыртқы экономикалық қызметтегі кеден саласы қоғамда елеулі орын алып, оның қызметі ел экономикасына айтарлықтай ықпалын тигізіп отырғаны түсінікті. Елдің тәуелсіздігімен қатар кеден қызметі сол кезден бері жыл өткен сайын дамып келеді. Сыртқы сауданы реттеуде де кеден ісінің жөні бөлек. Шекаралық бақылау халықаралық кеден кеңістігіне шығуға да мүмкіндік берді. 2003 жылы 1 мамырдан бастап Кеден кодексі қолданысқа еніп, Қазақстанның кеден шекарасы арқылы өткізілген барлық тауар кеден бақылауында. Ол белгіленген, арнайы ереже бойынша жүргізіледі.

Мемлекет басшысы биылғы Жолдауында кеден ісіне де тоқталып өтті. Алдағы уақытта сырттан көлік әкелудің барлық заңсыз арналарына тосқауыл қою керектігін айтты. «Тексерушілердің тым көптігі. Олардың теріс әсер еткені белгілі. Сондықтан шекараға интеграцияланған кедендік бақылау тәсілін енгізу қажет. Кедендік рәсімдеу орталықтары «бір терезе» қағидаты бойынша жұмыс істеуге тиіс», – деді Президент.

Осыдан 1 ай бұрын Кеден одағы шекараларындағы қылмыстық қаражатты заңдастыруға қатысты құжат қабылданды. Бұл құжатта Кеден одағына мүше мемлекеттердің, кеден органдарының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылын, кедендік шекара арқылы ақша немесе ақша құралдарын өткізу кезіндегі қызметін халықаралық мәртебеге жеткізу көзделген. Одаққа мүше мемлекеттердің кеден органдары бақылау жасау үшін сол елдің заңнамасына сәйкес жолаушылардың кедендік декларациясында немесе тауарға арналған декларациясында көрсетілген мәліметтер арқылы ақша құралдарының өткізілуін бақылай алады. Кедендік тексеру тұлғалардың кеден заңнамасын сақтауын тексеру мақсатында тауарларды шығарғаннан кейін кеден органымен жүргізіледі.

Кедендік тексеру жүргізу тәртібі Еуразиялық экономикалық одақ Кеден кодексінің 45-тарауымен және «Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы» Қазақстан Республикасы кодексінің 47-тарауымен реттелген.

Кедендік тексеру тасымалдаушыға, уақытша сақтау қоймасы болмайтын орындарда тауарларды уақытша сақтауды жүзеге асыратын немесе тауарлар шығарылғаннан кейін оларға қатысты өкілеттіктері бар тұлғаларға, уәкілетті экономикалық операторға, кедендік рәсіммен

орналастырылған тауарлармен жасалған мәмілелерге тікелей немесе жанама түрде қатысқан тұлғаға және басқа да қатысы бар тұлғаларға қатысты жүргізіледі.

Кедендік тексеру кезінде тауарларды кедендік рәсіммен орналастыру фактісі, кедендік декларацияда мәлімделген және құжаттардағы мәліметтердің анықтығы, шартты түрде шығарылған тауарларды пайдалану немесе оларға билік ету бойынша шектеулердің сақталуы, кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асыратын тұлғалардың кеден заңнамасында көзделген міндеттерді орындауы, уәкілетті экономикалық операторлардың тізіліміне енгізілуге үміткер заңды тұлғаның осындай тізілімге енгізу шарттарын сақтауын және кеден заңнамасында көзделген өзге міндеттерді орындауы, кеден заңнамасында көзделген кедендік рәсімдерге сәйкес тауарларды пайдалану шарттарының сақталуы тексерілуі мүмкін. Тексеріс камералдық немесе көшпелі болуы мүмкін.

Камералдық кедендік тексеруді кеден органының орналасқан жері бойынша кеден органдары тексерілетін тұлғаға бармай-ақ, тексеруді жүргізу туралы шешімін (нұсқамасын) ресімдемей жүргізеді. Ал көшпелі кедендік тексеруді кеден органы заңды тұлғаның орналасқан жеріне, кәсіпкердің қызметін жүзеге асыратын орынға немесе осындай тұлғалардың қызметті іс жүзінде жүзеге асыратын орнына барып жүргізеді. Бұл тексеруді тексерілетін тұлғаның орналасқан жері бойынша кеден органы жүзеге асырады.

Жыл басынан бері қазақстандықтар Алматы әуежайы арқылы 528 млн теңгені заңсыз өткізбек болған. Заңбұзушылықтарды кеденшілер анықтаған. «Жетісу» кеден бекетінің қызметкерлері жыл басынан бері Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстің 551 және 545-баптары бойынша 103 әкімшілік істі тіркеді, әрі қылмыстық құқықбұзушылық белгілері бар 13 факті анықталды. Қолма-қол ақша қаражатының сомасы 528 млн теңгеден асты. Заңды бұзғандарға жалпы сомасы 3,2 млн теңге айыппұл салынды. Биыл қаңтарда алматылық кеденшілер «Алматы–Абу-Даби» бағытындағы әуе рейсінің кедендік бақылауынан өткеннен кейін ұшып шығу залында қазақстандық әйелді тоқтатқан. Одан 57 мың доллар декларацияланбаған қолма-қол ақша табылған. Ақпанда «Алматы–Ыстамбұл» әуе рейсіне отырмақ болған Қазақстан азаматын тексергенде 97 мың доллар декларацияланбаған қолма-қол ақша анықталды. Материал экономикалық тергеу департаментіне берілді. Бұл дерек негізінде Қылмыстық кодекстің 234-бабы бойынша қылмыстық іс қозғалған. Сондай-ақ, мамыр айында «Сеул–Алматы» бағытындағы әуе рейсінің кедендік бақылауынан өткеннен кейін ұшып шығу залында қазақстандық әйел тоқтатылды. Онда 12 мың доллар қолма-қол ақша болған. Маусымның басында ұшып келу залында «Дубай–Алматы» әуе рейсін кедендік бақылауды жүзеге асыру кезінде Қазақстан азаматы тексерілген. Онда 23 200 доллар болған. Ол әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Айта кететін жәйт, Президенттің 2022 жылғы 14 наурыздағы №830 жарлығына сәйкес, шетелге 10 мың доллардан асатын қаражатты әкетуге тыйым салынған.

Соңғы 5 жыл ішінде республика бойынша кеден саласында 700-ден аса қылмыстық құқық бұзушылық тіркелген.

АНТИКОР

Жемқорлықты жою жолдары

Биыл қаңтар-қыркүйек айларында Қазақстанда 1,6 мың сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылығы тіркелді

Ең көп сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылығы Қарағанды облысында тіркелді: 207 дерек, бір жылда 3 есе өскен. Одан кейін тізімде Астана (144 дерек, бір жылда 2,9% өскен) және Шымкент (129 дерек, 25,2% өскен) қалалары тұр. Ең аз құқықбұзушылық жаңадан құрылған облыстар – Ұлытауда (2 дерек), Абайда (9 дерек) және Жетісуда (15 дерек) тіркелді. Қылмыстың басым бөлігі ауыр – 1,1 мың іс. 342 дерек орташа ауырлық дәрежесіне, 69 дерек жеңіл дәреже, 25 дерек ерекше ауыр санатқа жатады.

Пара алу барлық сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылығының 28,7%-ын құрады – 449 дерек. Өткен жылмен салыстырғанда 8%-ға аз. Жиі жасалатын қылмыстың қатарында пара алу (424 дерек, бір жылда 10,7% артқан) және алаяқтық (280 дерек, 2 есе өскен). Кейін лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану (112 іс, 6,7% азайған), сондай-ақ басқалардың сеніп тапсырылған мүлкін немдену немесе жымқыру (98 дерек, 30,5% азайған). Жыл басынан бері сыбайлас жемқорлық қылмысы бойынша сотқа тартылғандар саны – 639 адам. Бұл былтырмен салыстырғанда 13,5%-ға аз.



Мемлекеттік органдардың қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлық қылмысын көбінесе әкімдіктер мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері жасайды. 118 адам, бір жылда 9,2% азайды. Кейін тізімде ішкі істер органдарының қызметкерлері (112 адам) және Қаржы министрлігінің қызметкерлері (39 адам) тұр. Сондай-ақ, жыл басынан бері 5 әкім, 1 судья, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің 7 қызметкері, прокуратураның 2 қызметкері де жемқорлықпен ұсталды.

Еске сала кетейік, биыл қарашадан бастап жемқор шенеуніктерден тәркіленген ақша мектеп құрылысына бағытталады. Бұл – шамамен 100 млрд теңге.

ҚЫЛМЫС ПЕН ЖАЗА

Қылмыстың анықталуы арта бастады

4 ай ішінде Қазақстанда адам саудасының 30-ға жуық фактісі тіркелді



Бұл туралы Ішкі істер министрі Марат Ахметжанов адам саудасына қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі құқықтық форумда айтты.

«Біріккен Ұлттар Ұйымының мәліметі бойынша, әлемдегі адам саудасы құрбандарының 70%-ы әйелдер мен жас қыздар. Ал әрбір үшіншісі – бала. Өкінішке қарай, бұл мәселе Қазақстанға да қатысты. Бұрын мұндай қылмыстардың 300-ге жуығы тіркелген. Биыл 4 айда адам саудасының 30-ға жуық фактісі анықталды. 3 ұйымдасқан қылмыстық топ ұсталды. Жалпы, министрлікте ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес басқармасын қайта ұйымдастырудың арқасында бұл қылмыстардың анықталуы артып келеді», – деді Марат Ахметжанов.

Бетті әзірлеген
Гүлжанат СЕМБАЕВА.



КӘСІПҚОЙ БОКС

Кәсіпқой бокста жүргеніне 22 жылдан асқан Геннадий Головкин осы уақытқа дейін 45 жекпе-жек өткізіп тастапты. Чемпиондық белбеулерді бірнеше рет беліне тағып, бірнеше рет шешкен жерлесіміздің жасы да 43-ке жақындады. Әлбетте, бокста «ел ағасы» жасына жеткенше жүре беретін мықтылар да бар. Бірақ алар қамалдың барлығын алып қойған Головкинде енді қанша жекпе-жек қалды дейсіз? Жалпы, келесі қадамы қандай болмақ? Бағамдап көрелік.



Головкиннің келесі қадамы қандай болмақ?

Белбеулерді біріктіре ме?

«Менің мақсатым – орта салмақтағы барлық чемпиондық белбеулерді жеңіп алу». Мақсаты туралы қай сұхбатын қарасаңыз да, Головкиннің айтатыны осы. Орта салмақтағы барлық чемпиондық белбеулерді біріктіргісі келеді. Бірақ біріктіре алмай-ақ қойды. Оған себеп те көп. Головкинді де кінәлай алмайсың. Бір-біріне бағынбайтын, бір-бірімен басы піспейтін бокс қауымдастықтарымен келіссөздер жүргізу де оңай емес. Әрқайсысының өз жоспары, өз мақсаты бар. Орта салмақта WBC, WBA, IBO, IBF сынды ұйымдардың чемпионы болып, тіпті The Ring журналының да чемпиондық белбеуін иығына артқан Triple G ғұмырында бір ғана ұйымды бағындыра алмай кетті. Ол – WBO, яғни Дүниежүзілік бокс қауымдастығы. Бұл атақ жерлесімізге сол күйі бұйырмай кетуі де мүмкін... Айтпақшы, бұл көп нүктенің қалай толғанын оқығыңыз келсе, бірден екі абзац төмен сырғуға болады.

Соңғы айқасында мексикалық Сауль Канело Альварестен жеңіліп қалғанына қарамастан Геннадийде әлі де орта салмақтың үш чемпиондық белбеуі бар. Дүниежүзілік бокс қауымдастығының (WBA) суперчемпионы болса, Халықаралық бокс федерациясы (IBF) мен Халықаралық бокс қауымдастығының (IBO) тұрақты чемпионы. Дегенмен, тағы үш тұжырым бар. Екеуі бос емес. The Ring журналының чемпиондығы әзірге несіз тұр. Алайда, бұл атақты журнал басшылығы өздері таңдап береді. Ал қалған екеуі ше?

WBC чемпионы – Джермалл Чарло. Егіздердің сынары кәсіпқой бокста 32 жекпе-жек өткізіп, барлығын да жеңіспен аяқтаған. Дегенмен, америкалық боксшы соңғы айқасын 2021 жылдың маусымында өткізіп, содан бері әлі шаршы алаңға

шықпаған. Қашан алма келіп, өзі аузыма түседі деп күтіп жүрген оны тіпті Дүниежүзілік бокс кеңесінің өзі де шаршы алаңға сүйреп шығара алмай жүр. Сондықтан дәл осы тұжырымда тағы бір уақытша чемпион бар, ол доминикандық Карлос Адамес. Шарт бойынша Чарло алдымен осы боксшымен жұдырықтасуы тиіс. Сондықтан бұл белбеу Головкинге әзірге қолжетімсіз болып тұр.

Ал WBO белбеуі тағы бір жерлесіміз Жәнібек Әлімханұлында. Чемпиондық жорықта өзінің сара жолын сала бастаған Жәнібек келесі жекпе-жегін 13 қараша күні Дензел Бентлимен кездеседі. Оның үстіне, екі қазақтың әлем аренасындағы потенциалды жекпе-жегін талқылап жату біздің тарапымыздан да, қос мықтының тарапынан да әбестік болар. Бұл белбеу Геннадийге сол күйі бұйырмай кетеді деуіміздің себебі де сондықтан.

Суперорта салмаққа өте ме?

Адамның жасы ұлғайған сайын қалыптасқан салмақты ұстап тұру да оңай болмайды. Мұны Головкин бізден артық білетін шығар. Бірақ бір салмақ жоғарылағаннан не ұтады? Мұнда барлық чемпиондық белбеулер бір боксшының қолында. Канелодан тартып алу оңай емес. Бір емес, үш рет ұмтылды. Демек, Triple G орта салмақта қала беруі әбден мүмкін.

Алайда, кәсіпқой бокста маңыздысы белбеу емес, гонорар. Бірақ бұл тұрғыда да суперорта салмақта таңдау көп емес. Ағылшын Джон Ридер жасы 34-тен асқанымен қалың аудиторияға аса танымал емес. Ал 25 жастағы Давид Бенавидес жерлесімізбен жекпе-жекке шығып, карьерасына нұқсан

тигенін қаламайтын секілді. Әлі ұстатпай жүр. Демек, Головкинге қарсыласты орта салмақтан іздеген әлдеқайда дұрыс болатын секілді.

Кіммен жұдырықтасуы мүмкін?

IBF тұжырымындағы чемпиондық атағын сақтап қалу үшін Головкинге бразилиялық Эскива Фалькаомен жұдырықтасу қажет. Өйткені, рейтингте екінші орында тұр. Ал WBA кубалық Эрисланди Лараны тықпалауда. Шыны керек, екі боксшы да оңай шағылар жаңғақ болмаса да, жерлесіміздің әлеуеті жететіндей-ақ қарсыластар. Біріншісі әлі чемпиондық айқастарға шықпаған, екіншісі шау тарта бастады. Оның үстіне, екеуі де Головкинге қомақты қаржы әкеле қоймайтын секілді. Қанша дегенмен, әлем боксындағы абыройлары асқақтап тұрмаған боксшылар. Ал Геннадийге уақыт жоғалтуға болмайды. Ары кетсе, екі-үш жекпе-жегі қалғанын өзі де түсінеді. Сондықтан карьерасының соңында пайдаға кенеліп қалуды көздейді. Бірақ кім бар? Қайта-қайта Канеломен төбелесе бермейді ғой. Крис Юбенк ше? Ол да бір вариант. Аустралиялық Майкл Зерафа да өз еліне шақыруда. Мексикалық Хайме Мунгуия да «менмұнда лап» тұр. Жәнібектен белбеуін тастап қашқан Деметриус Андраде де Головкинмен жұдырықтасып көруге кетері емес. Яғни қарсылас табылады. Тек тиімдісін ойлау қажет.

Жаңа жылға дейін әлі уақыт бар. Бәлкім, қарсыласы жыл соңында анықталар. Пайымдауымызша, жерлесіміз шаршы алаңға ақпан айында шығатын сияқты. Қай қарсылас кезіксе де, лайықтысын таңдайтынына сенеміз.

ФУТЗАЛ

Чемпиондар лигасының элиталық кезеңі Алматыда өтуі мүмкін

Алматының «Қайрат» футбол клубы УЕФА Чемпиондар лигасының элиталық кезеңін өз жерінде қабылдауға өтініш білдірді.

Айта кетейік, Чемпиондар лигасының элиталық кезеңіне 16 команда жолдама алды. Олар төрт-төрттен төрт топқа бөлінеді. Элиталық кезеңді өз алаңында өткізуге өтініш білдірген «Қайрат» жеребе тарту рәсімінде «А» себетінде болады. Дегенмен, осы кезеңнің ойындарын өз жерінде өткізуге өтініш білдірген Алматыдан бөлек, тағы бес қала бар. Олар: Пальма-де-Майорка (Испания), Лиссабон (Португалия), Пула (Хорватия), Гливице (Польша) және Эболи (Италия). Енді осылардың арасынан 4 қаланы УЕФА бүгін жеребе тарту рәсімінде жариялайды.

Жалпы, Алматыда соңғы рет Чемпиондар лигасының элиталық кезеңі 2019 жылы өткен. Ал биыл бұл кезеңнің ойындары 22–27 қараша аралығына жоспарланған. Әр топтан финалдық сынға бір командадан ғана шығады.

ЭЛИТАЛЫҚ КЕЗЕҢНІҢ КОМАНДАЛАРЫ:

Бірінші себет:

(потенциалды алаң иелері):

«Пальма» (Испания), «Спортинг» (Португалия), «Қайрат» (Қазақстан), «Пула» (Хорватия), «Пяст» (Польша), «Эболи» (Италия).

Екінші себет:

«Добовец» (Словения), «Юнайтед Галац» (Румыния), «Лозница-Град-2018» (Сербия), «Хрудим» (Чехия).


Үшінші себет:

«Спортинг-Андерлехт» (Бельгия), «Ново Вриеме» (Хорватия), «Луксол Сент-Эндрюс» (Мальта), «Ураган» (Украина).

Төртінші себет:

«Барса» (Испания), «Бенфика» (Португалия).

СПОРТТЫҚ АКРОБАТИКА



Қазақстандық акробаттар Әлем чемпионатының финалына шықты

Бұл күндері Ұлыбританияның Ливерпуль қаласында спорттық гимнастикадан Әлем чемпионаты өтіп жатыр. Қазақстан құрамасының атлеттері арасында Милад Карими мен Нариман Құрбанов финалдық кезеңге жолдама алды.

Еркін жаттығуда сынға түскен Карими іріктеу кезеңінде 3-орын алды. Ал Құрбанов ат снарядында үздік үштікті қорытындылады. Енді жеке бағдарламалардағы финалдық бәсекелер 5 қарашада өтеді. Өкінішке қарай, командалық бәсекедегі көрсеткішіміз мәз емес. Құрамында Милад

Карими, Нариман Құрбанов, Дмитрий Патанин, Ильяс Азизов пен Эмиль Ахмеджанов өнер көрсеткен Қазақстан ұлттық құрамасы іріктеу кезеңінде бар болғаны 18-орынды еншіледі.

Ал әйелдер арасындағы іріктеуде қазақстандық Аида Бауыржанова 77-ші, Көркем Ербосынқызы 107-сатыдан

көрініп, сәйкесінше келесі кезеңге өте алмады. Айта кетейік, Ливерпульде өтіп жатқан Әлем чемпионатында 74 елден барлығы 400-ден астам таңдаулы гимнаст бақ сынауда. Арасында былтырғы 6 әлем чемпионы да бар.

Айтпақшы, биыл Әлем чемпионатына алғаш рет Әлем Кубогы кезеңдері мен құрлық чемпионаттары арқылы іріктеу жүргізілгенін де айта кеткен жөн. Жалпы Ливерпуль – спорттық гимнастикадан Әлем чемпионатын қабылдап жатқан Ұлыбританиядағы төртінші қала. Бұған дейін Бирмингем (1993), Лондон (2009) мен Глазго (2015) жыл үздіктері анықталған. Өз кезегінде бұл додада Париж Олимпиадасында өнер көрсететін 6 команда (ерлерден 3, әйелдерден 3) анықталмақ.

Бетті дайындаған
Әзиз ЖҰМАДІЛ.





МӘСЕЛЕ

Инсульттің алдын алу маңызды

Дүние жүзі бойынша адамдардың өлім-жітімге және мүгедектікке ұшырауына жүрек-қан тамырлары аурулары басты себептердің бірі болып отыр. Жыл сайын әлемде 7 миллионға жуық адам инсульт салдарынан қайтыс болады екен. Статистикаға сәйкес, елімізде жыл сайын 40 мыңнан астам қазақстандық инсульт алса, оның 60 пайызы мүгедек болып қалады. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, аурудың алғашқы 10 күнінде 5000 адам қайтыс болады. Аман қалған науқастардың шамамен 10% -ы ғана қалыпты өмірге, жұмысқа орала алады. Әлеуметтік белсенді және еңбекке қабілетті жастағы инсульттің жиілігі 60%-дан асады. Ер адамдарда әйелдерге қарағанда инсульт жиі кездеседі.

Бүкіл әлемнің дәрігерлері осы қауіпті аурумен жылдар бойы күресіп келеді. Әлем бойынша 29 қазан – дүниежүзілік жүрек-қан тамырлары ауруларымен күрес күні деп жарияланған болатын. Осы орайда Алматы қаласының №7 қалалық клиникалық ауруханасында Дүниежүзілік инсультке қарсы күрес күні аясында үлкен жиын өтті. Конференцияға қалалық ауруханалардың дәрігерлері, С.Д.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ жүйке аурулары кафедрасының қызметкерлері, «Неврологтар ассоциациясы» ҚБ мүшелері, невропатолог, терапевт, кардиолог, нейрохирург дәрігерлері, сонымен бірге, резиденттер қатысты.

Алматы қалалық Қоғамдық денсаулық басқармасының штаттан тыс бас инсультологі Жанна Дюсембаеваның айтуынша, жыл сайын 4 мыңнан астам алматылық инсульт ауруына шалдығады. Өткен жылдың қорытындысы бойынша Алматы қаласында 4428 адам инсульт ауруынан ем алған. №7 аурухананың инсульт орталығында инсульт ауруына шалдыққан 1960 науқас емделді.

Күнделікті аурухананың екі инсульт бөлімшелерімен, қан тамырлары нейрохирургиясы және жансақтау бөлімшелерінде 90-ға жуық науқас ем алады.

«Инсульттің негізгі себебі – ми қан айналымының бұзылуы. Мида қан ағымы ішінара бітеліп немесе толығымен жүрмей тоқталады. Бұл ауруға қарсы ем-шараны дер кезінде жүргізу өте маңызды, сондықтан егер туысыңыз немесе өзіңізде белгілер пайда болып күдіктенсеңіз, 103 телефоны арқылы жедел жәрдем бригадасын дереу шақыру қажет. Дәрігерлер келгенге дейін науқастың таза ауаға шығуын қамтамасыз ету қажет. Инсульт ауруынан сақтану үшін қан қысымын бақылау, дұрыс тамақтану, салауатты өмір салтын ұстану, темекі шегу және алкогольді шамадан тыс тұтынуға шектеу қою, күйзелістік жағдайлардан аулақ болу керек», – дейді Жанна Дюсембаева.

Маман инсульттің қауіпті факторлары ретінде қан қысымының жоғарылауы, созылмалы аурулар, артық салмақ, холестериннің жоғары болуы, физикалық



белсенділіктің төмендігі екенін ескертті. Дәрігер атап өткендей, инсульт алған көптеген науқаста дененің бір жағы ішінара немесе толығымен сал болып қалады, сөйлеу бұзылыстары, қозғалыс функциялары және когнитивті бұзылулар байқалады. Сондықтан пациенттердің когнитивті және моторлық функцияларын қалпына келтіру үшін міндетті түрде оңалтудан өткені дұрыс.

Алматы қаласының бас инсультологінің айтуынша, қазіргі уақытта мегаполисте 5 инсульт орталығы бар: оның екеуі №7 қалалық клиникалық ауруханада орналасқан және бір-біреуден Орталық қалалық клиникалық ауруханада, Алматы қалалық жедел шұғыл көмек көрсету ауруханасында және №4 қалалық клиникалық ауруханасында бар. Қаладағы 5 инсульт орталығының әрқайсысы қажетті заманауи құрал-

жабдықтармен қамтамасыз етілген. Инсультпен ауыратын науқастарды емдеу процесінде мультидисциплинарлық әдіс қолданылады. Жергілікті жерде невропатологтар, қан тамырлары нейрохирургтары және кардиологтардың мультидисциплинарлық тобы жұмыс істейді, медициналық көрсеткіштерге сәйкес тромбоэкстракциядан бастап көлемдік араласуға дейін ми тамырларына операциялар жасалады.

Айта кету керек, Дүниежүзілік инсультпен күрес күні қазанда (World Stroke Day) Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының бастамасымен жыл сайын атап өтіледі. Бұл күн инсульт проблемасы туралы халыққа жан-жақты хабардар ету, емдеудің жаңа хаттамаларын ұсыну мен медицина мамандарына құрмет көрсету мақсатында ұйымдастырылды.

ФОРУМ



Әскери медицина дамып келеді

Таяуда Алматыда Қорғаныс министрлігінің әскери медицина орталығы мен әскери-клиникалық госпиталінің ұйымдастыруымен ауруларды уақытылы диагностикалау және емдеу тақырыбы бойынша жиын өтті, мамандар бір-бірімен тәжірибе алмасты.

Қорғаныс министрлігінің Бас әскери-медициналық басқармасының басшысы медицина қызметінің полковнигі Тимур Ошақбаевтың айтуынша, бүгінде Қазақстанда әскери медицина қарқынды дамып келе жатыр. Осыдан 30 жыл бұрын Қарулы күштерде құрылған басқару органдары мен емдеу мекемелерінің құрылымдары

әскери қызметшілердің денсаулығын және олардың жауынгерлік әзірлігін қадағалаумен айналысып келеді. Сондай-ақ, Тимур Ошақбаев ел тарихындағы медициналық қызметтің жалғыз генерал-майоры Талғат Нұрмағамбетовтың әскери және азаматтық медицинаның дамуына қосқан үлесін де айта кетті. Көзі тірі болғанда, ол кісі 27 қазанда 70 жасқа толар еді.

Жедел клиникалық белгілері бар пациенттерді диагностикалау, бағыттау және оларға жоғары технологиялық медициналық көмек көрсету мәселелерін талқылауға әскери дәрігерлерден басқа Алматы қаласындағы емдеу мекемелерінің өкілдері, гастроэнтерологтар, инфекционистер, терапевттер, жалпы практика дәрігерлері, эндоскопистер, хирургтар және эпидемиологтар қатысты. Ғылыми форумға қатысушылар мұндай кездесулер емдеу мекемелері арасындағы өзара іс-қимылды кеңейтуге, дәрігерлік персоналдың кәсіби машығын жетілдіруге, медициналық қызметтердің сапасын арттыруға ықпал ететінін атап өтті.

МАМАН КЕҢЕСІ

Бұлшық ет тартылса не істеу керек?

Көп адамдардан бұлшық еттерінің өзінен-өзі жиырылып, созылып, тартылып қалатынын жиі естиміз. Бұлшық ет ауырмаса да, жайдан-жай бүлк-бүлк етіп мазасыздық тудырып жатады.

Мамандардың айтуынша, мұның себебі ағзаға магний элементі жетпегеннен болатын көрінеді. Магний – ағзаға өте қажет минералдардың бірі. Кальций сүйекке қажет болса, магний – бұлшық етке пайдалы элемент. Ол бұлшық еттің дұрыс жұмыс істеуіне, жиырылып-созылуына көмектеседі. Ағзаға магний

жетпеген жағдайда, бұлшық еттің жұмысы бұзылады, содан бұлшық ет денеге бағынбай кетеді, тартылып қала беруі де содан. Егер ағзада магний жетпесе, онда оны толықтыру үшін құрамында магнийі бар тағамдарды тұтынған жөн.

Мысалы, жапырағы көп көкөністер, астық тұқымдас дәнді-дақылдар жеген пайдалы. Магний тұзын суға қосып, ваннаға түсуге болады, магний қосылған қоспалар ішуге болады. Құрамында магний мол тағамдар: қара шоколад, жаңғақ, авокадо мен банан, майлы балық. Магний ас қорытуға, қалқанша безінің дұрыс жұмыс істеуіне пайдасын тигізеді. Бұл элемент қалқанша безі гормонын бөлуге қатысады. Осы гормон сүйекке аса қажет. Ер адам күніне 300 мг, әйел адам 270 мг магний ішуі тиіс.

Бетті әзірлеген
Айнұр СЕНБАЕВА.





РОЗА БАҒЛАНОВА – 100

БҮЛБҮЛ ҮНДІ
БАҒЛАНОВА

Алматыға гастрольдік сапармен ат басын бұрған «Қазақконцерт» ұйымына қарасты «Astana Musical» мемлекеттік театры Роза Бағланованың 100 жылдығына орай «Роза Бағланова» мюзиклін ұсынды. Мюзикл қалың көрерменге халықтың сүйікті әншісінің ішкі жан-дүниесі мен оның қайталанбас өнер әлемін паш етті.



«Роза Бағланова» мюзиклінің режиссері әрі театрдың көркемдік жетекшісі Есләм Нұртазин мәлімдегендей, жаңа туынды әншінің балалық шағынан бастап, соғыс жылдарындағы тағдыры туралы сыр шертеді. «Мюзиклде Роза Бағланованың ән әлеміне келуі, соғыс жылдарындағы қайсарлығы, өнер жолындағы қиындықтары мен тағдырындағы сын сағаттар көрініс тапқан. Оқиға желісі әншінің 1930–1945 жылдар аралығындағы өмірін суреттейді. Сахнада Роза Бағланова орындаған атақты туындылар, арнайы жазылған авторлық туындылар шырқалды», – дейді режиссер.

Жалпы, қойылым барысында сахнада 60-тан астам әртіс өнер көрсетті. Әрқайсысы сол жылдардағы халықтың, еңбек адамдарының, жауынгерлердің бейнесін шебер сомдады. Әндерін де шырқап салып, халықтың әсем әнмен көңілдерін тербеді. Басты рөлді сомдаған әртістің бірі – Зарина Жакенова Роза Бағланованың образын сомдау үшін барынша ізденгенін жеткізді.

«Роза Тәжібайқызы – ұлттың үні атанған атақты әнші. Оның образын сомдау – бұл үлкен жауапкершілік. Ол кісінің тұлғалық қасиеттерін, соғыс жылдарындағы қайсарлығын, ән айтудағы өзіндік қайталанбас ерекшеліктерін қалың көпшілік өте жақсы біледі. Бүгінгі қойылымда әншінің өмірбаянындағы осы тұстарын біз жаңа қырынан ашуға тырыстық», – дейді актриса.

Жаңа мюзикл көрермендерге ұмытылмас әсер сыйлап, олардың зор ықыласына бөленді. Қойылымды тамашалауға келген белгілі театр қайраткерлері, өнертанушылар мен зиялы қауым өкілдері жаңа туындыны жоғары бағалады.

«Көптен бері осы қойылымды көруді армандап жүрген едім. Құрбыларымнан спектакль жайлы жағымды пікір естідім. Келдім, көрдім, қуанып қайттым. Жастарымыз сондай талантты. Әр әнді өз жүрегімен орындап, бізге ұсынып жатыр. Арасында өзім де қосылып шырқап кетемін. Қаламызда осындай мәдени шаралар көптеп өткізіліп жатқаны көңіл қуантады», – дейді көрермен Жадыра Асылбекқызы.

Еске салсақ, Мемлекет басшысы ұлы әншінің есімін халық жадында мәңгі сақтау шараларын қабылдауды тапсырып, былтыр соған сәйкес «Қазақконцерт» мемлекеттік концерттік ұйымына» Роза Бағланованың есімі берілген еді. Биыл әншінің мерейтойы ЮНЕСКО көлемінде аталып өтілуде.



ДОС-МҰҚАСАН – 55 ЖЫЛ



«ҚАЗАҚ БИТЛЗЫНА»

«Алматы түні», «Сағындым сені»... Осы екі ауыз сөздің өзімен-ақ талай нәрсені айтып тастауға болады-ау! Қазақтың «Beatles»-ы атанып кеткен «Дос-Мұқасан» ансамблінің өнерімен таныс болмаған қазақ баласы жоқ шығар. Кішкентайымыздан ағаларымыздың әндерін жатқа айтып өстік. Кейіннен заман ағымымен бұл әндерді отырыс, жиындарда ғана еске ала бастадық. Жуырда осы топтың 55 жылдығына орай көркем фильм жарыққа шықты. Барлық кино-театрлардан үзілмей беріліп, сатылымы жағынан көш бастағаны тағы бар. Жастар болып біз де қалыспай киноны көрдік. Осы ретте сол фильмнің әсерімен ансамбльдің орындауындағы бірнеше әннің тарихы мен орындаушылары жайлы ақпараттарды назарларыңызға ұсынсақ деген едік.

Жарты сағатта туған ән

70–80-жылдардағы, тіпті қазіргі тойлардың өзінде де топтың орындауындағы «Той жыры» әні үлкен сұранысқа ие. Қазақтың дәстүрлі «Жар-Жар» әнінен кейін әр той төрінде шырқалатын «Той жыры» әні кеңінен танымал болғанымен, оның тарихына көпшілігі тереңнен бойлай бермейді.

Бұл ән 1970 жылы дүниеге келген. Әннің әуенін Досым Сүлеев, ал сөзін Ұлықпан Сыдықов жазған. Топ мүшелерінің ішінде алғашқы болып Мұрат Құсайынов отау құрып, бір айдан кейін той жасайтын болды. Жігіттер өзара ақылдаса келе, тойға тарту ретінде ән жазып, сыйлайық деп шешеді. Алайда, айтылған бұл сөз ұмытылып кетіп, жігіттер той болатын күні бір-ақ ән жазуға кіріседі. Ұлық-

пан сөзін жазып, Досым әуенін жазуға кіріседі. Жарты сағат ішінде ән жазылып, ол «Той үстінде» деген атаумен тойда шырқалады.

Осы ретте massaget.kz ақпараттық порталында жарияланған мына бір ақпаратқа назар аударсақ. «Жаңа әнге ыстық лебіздермен бірге, халық арасында «Бұл ән – ескі ән», «Ескі әнді жаңадан шырқап жүр», т.с.с. түрлі қауесет сөздер қаптап кетеді. Кейін ансамбль мүшелері әнді авторлардың құқығын қорғайтын басқармаға барып, заңды түрде растап алады», делінген сайтта. Ел ішінде әннің танылғаны соншалықты, «Той жыры» Одақ көлемінде орындала бастайды. Ән мәтінін орыс тіліне аударып, шырқай бастады. Ал грузин халқы әнді түпнұсқада, яғни қазақ тілінде орындайтын.

Тағы бір ерекше оқиғаға тоқтала кетсек. Мұны мен топ мүшелерінің отандық арналарға берген сұхбатынан естідім. Біздің елімізде шешен халқының көп бөлігінің тұрақтағанын білесіздер, кейіннен Ресейге көшіп, екі халық арасында соғыс болып, егемендік үшін күрескен болатын. Сол кезде қазақ жерінен Отан алдындағы борышын өтеуге кеткен екі қазақ жігіті орыс әскерлерінің қатарында болады. Алайда, соғыс тактикасының дұрыс болмауынан шешендердің қолына түседі. Сонда әлгі жігіттер өздерінің қазақ екендігін айтып, ағынан жарылады. Алайда, әлгі шешендер оған сенбейтінін, рас болса, дәлелдеуін сұрайды. Сонда қазақ жігіттері «Дос-Мұқасан» тобының «Той жырын» шырқай жөнелген деседі. Сол сәтте әлгі шешендер жылап, қазақ даласын сағынғандарын айтып, жылы шыраймен қабыл алып, тұтқыннан босатқан екен. Осылайша екі қазақ жігітінің өмірін «Той жыры» сақтап қалған деседі.

Қазіргі уақытта қарап отырсақ, дүниеге келгеніне елу жылдан аса уақыт өтсе де, ән өз өзектілігін жоғалтпай, әр қуанышта ерекше ықыласпен шырқалуда. Талай жастың қуанышына куә болған «Той жыры» қазақ әнінің тарихында алтын әріппен жазылатын туынды болып қала береді.

Дин Ридпен ән салған қыз

Бұдан бөлек, кинодан «Сағындым сені» әнін кім орындайтынын, оның топқа қалай қосылғандығын білдік. Топ солисі Құрманай Омарова бас-гитарист Шәріп Омаровпен отау құрады. Құрманайдың мүлде музыкалық білімі болма-

КЕРЕК ДЕРЕК

НЕ?

Ойнайық та,
ойлайық!

Өтетін орны: Абылай хан даңғылы, 38, F.Мүсірепов театры.

Спектакль авторы: В.Маслов, М.Супагин.

Қоюшы-режиссері: Антон Зайцев

Қоюшы-суретшісі: Айдана Бейсембаева.

Жанр: ертегі.

Ұзақтығы: 1 сағат.

Жас санаты: 16+.

Күні мен уақыты: 5 қараша, 11.00.



ҚАЙДА?

«Әбішев әлемі» көрмесі

Өтетін орны: Ә.Қастеев атындағы мемлекеттік өнер музейі.

Көрмеде: Экспозицияға автордың 40-қа жуық мүсін туындылары мен монументалды ескерткіштердің фотосуреттері ұсынылады.

Мүсінші Бақытжан Әбішевтің шығармашылығы 1970 жылдары Қазақстан бейнелеу өнеріне өзіндік ұлттық мәнерімен енді. Оның шығармашылығының құндылығы, туындыларының сюжеттік мазмұнының мүсін жасаудағы еркіндігімен ерекшеленеді.

Күні мен уақыты: Қараша айының 19-ына дейін тамашалауға болады.

Жас санаты: 3+.



ҚАШАН?

Парапланмен ұшу

Өтетін орны: Алматы қаласы, Алматы облысы, Іле Алатауының баурайында.

Өткізу күні: 6 қараша

Уақыты: 9.00-ден 17.00-ге дейін.

Жұмыс кестесі: күн сайын, демалыссыз.

Ұшу биіктігі: шамамен 1000 метр.

Жас шектеуі: 15-тен бастап (18 жасқа толмаған адамдар ұшуға ата-аналарының қатысуымен ғана жіберіледі).

Салмағы бойынша шектеу: 30-дан 110 килограмға дейін.

Ұзақтығы: ауа райы мен жыл мезгіліне байланысты.





ған, ол тіпті нота танымаған. Алғашында Қыздар институтының «Айгүл» ансамбліне қабылданған, кейін жігіттер Құрманайды арнайы іздеп жатақханаға келген. Құрманай Омарова «Дос-Мұқасан» құрамына кіргеннен кейін Дин Ридпен ән салып, Германия, Францияда өнер көрсеткен. Жас болғандықтан болар, мен бұл әнді естігенде Роза Рымбаева апайымыз орындайтын шығар деп ойлайтынмын. Кейіннен айдай сұлу Құрманай апайдың бейнесін кинодан көріп, таңдай қаққаным рас. Әннің сөзін Б.Тәжібаев, әуенін композитор Е.Хасанғалиев жазған. Бүгінде бұл әнді эстрадада жүрген қазақ жастарының көбісі орындайды.

«Біз білетін «Сағындым сені» – көп қатпарлы, сан сырлы ән дейтін пікір әбден дұрыс. Сөйтсе де, бұрын да, қазір де тыңдаушылар тарапынан «ХХ ғасырдың көрнекті лирикалық балладасы» дейтін жоғары бағаға ие болған бұл ән, ең алдымен, объективті түрде ғашық жүректің сағыныш әні. Әуенін жазған композитордың, сөзін жазған ақынның және алғаш орындаған әншінің ғашық жүрегін жарып шыққан, сонымен бүкіл ғашық жүректерді қозғайтын дүние», – деп жазды әдебиеттанушы Мақсат Тәж-Мұрат.

«Дос-Мұқасан» тобының репертуарында көңілді әндер жетерлік. Олардың қатарына «16 қыз», «Ауылың сенің іргелі», «Ахау бикем», «Жайдарман», «Құдаша», «Ләйлім шырақ», «Сұлу қыз», т.б. әндерін жатқызуға болады. Көбісі дерлік тыңдармандардың көңілін сергітіп, ерекше әсерге бөлейтін еді. Осы туындылардың ішінде «Құдаша» әнінің өзіндік тарихы бар. Бұл әнді 1971 жылы «Дос-Мұқасан» тобына солист болып қабылданған Бақытжан Жұмаділов алып келген. Бұл өлеңді әншінің апасы ауылда орындаған деседі. Алайда, бұрынғы қазақ әндерінің қатарына ілінбеген ерекше ән болып қалған. Әнді өзгеше өрнекпен орындаған ерекше шеберлігі үшін ел ішінде «Мистер құдаша» атанып

Тұмағанның тебіренісі

Бала кезімізде барлығымыздың дерлік Ару қала Алматыға аңсарымыз ауғаны жасырын емес. Түнгі қаланың ажарын айшықтайтын өлеңдер де бірден ойымызға оралатын. Соның бірі осы топтың орындауындағы «Алматы түні» атты ән болатын. Әннің тарихына терең бойласақ, өзіндік ерекшелікті бірден байқаймыз. Әсем ән халық ақыны Тұманбай Молдағалиевтың сөзіне, әнші-сазгер Досым Сүлеевтің әуеніне жазылған болатын. Осы ретте Massaget.kz порталында жазылған мына бір қызық ақпаратты назарларыңызға ұсынсақ.

«Арада елу жыл өтсе де, өз әуезін, өз болмысын, өз сынын жоғалтпаған «Алматы түні» әні 1972 жылы дүниеге келген. Елдің сүйіспеншілігіне бөленген шығармашылық топ жайлы фильм түсіру керек деген шешім қабылданып, Мәскеуден түсіру тобы Алматыға арнайы келеді. Түсірілім жұмыстары аяқталар сәтте фильм түсіруші жігіттердің бірі Досым Сүлеевке келіп: «Ән жазатыныңды білетін едім. Енді осы фильмге арнап бір ән жазуың керек. Менде түнгі Алматының бейнесі бар, оны фильмге қосамын. Сондықтан осы тақырыпқа сәйкес ән жазып берсең» деп қолқа салып, үш апта уақыт береді. Досым Сүлеев келісім беріп, фильм түсірілімі біткен соң, ән жазуға кіріседі. Шабыт шақыру мақсатында түнгі Алматыны аралай бастайды. Бір күні Тұманбай Молдағалиевқа жолығып, берілген тапсырма туралы айтады. Ақын аға сазгер інісін мұқият тыңдап болған соң: «Өзім де осы тақырыпты қолға алуды ойлап жүр едім. Ертең кел, ән мәтінін дайындап қоямын» деп жауап қатады. Ертеңінде сазгер ақын ағасына жолығып, «Алматы түні» атты өлеңді қолына алады. Бір

АЙНАЛҒАН АҢЫЗ ТОП

кеткен. Әзіл мен қалжыңы аралас әнді бүгінде жастарымыз да ерекше стильмен орындап жүрген жайы бар. Осы ретте Досым Сүлеевтің мына бір айтқан сөзін назарларыңызға ұсынсақ.

«Бақытжанның орны бөлек. Бақытжанды ұмыту мүмкін емес. Ол қазақ өнерінің тарихында «Ой, жарайсың, жігіттер» деп күлімдеген күйі «Мистер құдаша» болып қалатын шығар. Оның бейнесі – әнде қалды, таспада қалды. Жүректерде қалды. Қолымнан келсе, Қазақстандағы әрбір неке сарайының алдынан Бақытжанның тойда ән салып тұрған сәтінің ескерткішін орнатып қояр едім. Себебі, қазақтың тойы құдаша-құда баласыз өтуі мүмкін емес қой. Енді Бақытжан қалыптастырып кеткен мистер құдашаның орнын басқа адам баса алмайтын шығар», – деп айтқан екен Досым Сүлеев.

оқығаннан сазгер жүрегі тебіреніп, бойын ерекше сезім билей бастайды. Үйге оралған бойда осы өлеңді негіз қылып алып, «Алматы түні» әнін дүниеге әкеледі. Кейін жанындағы жігіттерге көрсетіп, әнді бірге отырып жасады. Осылай арада үш апта уақыт өтіп, әнді мәскеулік тапсырыс берушілерге көрсетеді. Ән барлығының көңілінен шығып, оның әуенімен «Дос-Мұқасан» ансамблі туралы түсірілген фильмі әрлейді», делінген сайтта.

Қазақ өнерінде есімдері алтын әріппен жазылатын «Дос-Мұқасан» ансамбліне 19 өнерпаз болған. Бас-аяғы 36 ән таспаланып бүгінге дейін жетіп отыр. Құрылғанына 55 жылдың көлемі болған топтың қазақ жастарына қалдырған әсем әуендері мәңгілік ел жадында жаңғырып қала беретіні сөзсіз.



КЕРЕК ДЕРЕК

НЕ?

ҚАЙДА?

ҚАШАН?

«Sunny show»

Өтетін орны: Алматы циркі.

Күні мен уақыты: 7 қараша, 16.00.

Ұзақтығы: 2 сағат.

Тұрақ: бар.

Бағдарламада: ТМД-ның үздік клоуны, батыл «Даршылар», рекордшы күш атлеті, Nomad Stunts каскадерлері, эквилибристер, епті аюлар, тентек маймыл!

Керемет трюктар, таңғажайып өзгерулер және жағымды эмоциялар! Цирктің сикырына қанық болыңыз!



«Дос-Мұқасан»

Өтетін орны: Барлық кинотеатрлардан тамашалай аласыздар.

Күні мен уақыты: 5 қараша, 13.30, 15.40, 17.30, 19.00.

Өндіріс елі: Қазақстан.

Режиссері: Айдын Саханманов.

Басты актерлар: Мейіргат Амангелдин, Мақсат Сәбитов, Елдос Шайкенов, Саят Мақұлбаев.

Жанр: Өмірбаян, драма, музыка.

Ұзақтығы: 2 сағат.

Жас бойынша шектеу: 12+



Sen

Өтетін орыны: Өркен театры, Абдуллин көшесі, 38.

Автор, продюсер: Annas Baqdat.

Өтетін уақыты: 6 қараша, 15.00, 18.00.

Композитор: Ербол Нариманұлы.

Режиссер: Есләм Нұртазин.

Жанр: мюзикл.

Ұзақтығы: 75 минут.

Жас санаты: 12+.

Қосымша: Қойылым қазақ тілінде өтеді.

Бетті әзірлеген Ақтолқын ТҮРЛЫҒАЗЫ.



КИНОКЕҢІСТІК

«ҚАРА ҚЫЗ»



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Алматы іргесіндегі Еңбекшіқазақ ауданында (Алматы облысы) белгілі режиссер Талғат Теменовтің «Қара қыз» кинокартинасы түсіріліп жатыр. Әскери драма ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің тапсырысы бойынша Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығының көмегімен таспалануда.

Фильмде сол кездің атмосферасын толығымен жеткізу үшін кескіндемеші суретшілер жазық далада соғыс уақытында болған тұтас бір ауылды салып шыққан. Онда теміржол вокзалы, клуб, мектеп, пошта, диірмен, тұрғын үйлер де бар. «Мұның бәрін салу үшін бір жарым айдай уақыт кетті. Қиын жағдайда жасалынды, айналада ештеңе жоқ, он адам жұмыс істедік. Барлығы архивтік өткен ғасырдың 30–40 жылдарындағы құжаттардың негізінде жасалды. Бас-аяғы он бес ғимарат салып шықты», – дейді картинаның қоюшы-суретшісі Еркен Сүлейменов.

«Қара қыз» – Ұлы Отан соғысы кезіндегі адамдардың өмірін баяндайтын әскери драма. Фильмде соғыстың қасіретіне қарамастан бірін-бірі табатын кейіпкерлердің оқиғалары баяндалады. Басты рөлдерді жас актерлер Нұрай Сақтапова мен Ерлан Құлмұрзин сомдайды. Нұрай үшін бұл кинодағы дебюттік рөл, ал Ерлан телехикаяларда көптен бері ойнап келеді. Сондай-ақ, фильмде танымал актерлар Дулыға Ақмолда, Медғат Өмірәлиев және т.б. жұмыс істеп жатыр.

Картинаның негізгі түсірілімі биылғы қыркүйек пен қазан аралығында Солтүстік Қазақстан облысының аумағында, Қызылжар қаласының маңында өткен. Еңбекшіқазақ ауданындағы түсірілім де аяқталуға жақын. «Қара қыз» бізге, яғни көрермендерге келесі жылдың көктемінде таныстырылады.

ГАСТРОЛЬДІК САПАР

Шытырман оқиғаға толы комедия

«Алматыдағы алтын күз Қазақконцертпен бірге» жобасы аясында «Astana Musical» мемлекеттік театры алматылықтарға гастрольдік сапармен табан тіреді. Театр ұжымы қала тұрғындары мен қонақтарының назарына Р.Кунидің «№13» комедиясын ұсынды.

Комедиялық туынды көрерменнің көңілін сергітіп, тамаша әсер қалдырды. Сахналанған спектакльдің сарыны мен стилі әдеттегіден ерекше. Күлкі мен шытырман оқиғаға толы комедияның қоюшы-режиссері Есләм Нұртазиннің айтуынша, «№13» пьесасы – соңғы онжылдықтағы ең үздік комедиялардың бірі. Рей Кунидың бұл тырнақалды туындысы 1991 жылы үздік ағылшын комедиясы ретінде Оливье Лоуренс атындағы сыйлықпен марапатталған.

Елордалық театрдың репертуарына қосылған «№13» комедияның оқиға желісі қонақүйдегі №13 бөлмеде көрініс табады. Сюжеттің ирониялық сатирасы үш кейіпкердің айналасында өрбиді. Басты екеуі – беделді саясаткер мен оның хатшысы. Үшінші артық адам – екі көңілдегі кездесуін бұзған қарақшының мәйіті. Ең бастысы, абыройына нұқсан келтірмеуді көздеген кейіпкерлер мәйіттен тез құтылудың амалын іздейді. Спектакльдегі қайталанбас сюжет, бір мезеттік үрей, мансапқорлықтың кесірінен орын алатын шексіз былық адам болмысының шынайы табиғатын аша түседі. Қойылым басталысымен езуіне күлкі үйірілген көрермендер «Астана мюзикл» театрына жылы лебіздерін білдіріп, барлық образдардың шебер сомдалғанын жеткізді.



ДҮЙСЕНБІ 7 ҚАРАША

Almaty TV АЛМАТЫ

- 6.00 Алматы кеші
7.00 Мультфильмдер
8.00 Таңғы студия. Қаз./русс.
10.00 Алматы со вкусом
10.15 Мультфильм
11.30 Мультфильм. Татонка, Джеки Чан, Аспаз бен қой
13.00 Телехикая. «Жазмыш» 1-2 серия
14.00 Телехикая. «Ұлы Селжүктер» 60 серия
15.00 Күндізгі жаңалықтар
15.15 Дневные новости
15.30 Басты назарда (тікелей эфир)
16.00 Женский кино клуб. «Женщины на грани» 11-12 серия
18.00 Социальное ток-шоу «Шешімі бар»
19.00 Қорытынды жаңалықтар
19.30 Итоговые новости
20.00 Телехикая. «Ұлы Селжүктер» 61 серия
21.00 Телехикая. «Менің бапкерім» 1-2 серия
22.00 Социальное ток-шоу «Шешімі бар»
23.00 Мужской сериал. «Бригада» 14 серия
0.00 Қорытынды жаңалықтар/Итоговые новости
1.00 Басты назарда (қайталау)
1.30 Сәуле-ғұмыр
2.20 Өмір иірімі
3.00 Дала сазы
3.40 Алматы тұнған тарих
4.00 Алматинские истории
4.25 Алматинские каникулы
4.40 Алматы кеші
5.55 ҚР Өнұраны

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

- 6.00 Өнұран
6.05 «Жәдігер»
6.25 «Күй-керуен»
7.00 «TANSHOLPAN». Таңғы ақпаратты-сазды бағдарлама. Тікелей эфир
10.00 AQPAPAT
10.10 «Жүректегі күз». Телехикая. (Түркия, 2019-2021 ж.ж.)
12.00 «ӨМІР КӨРКЕМ». Тікелей эфир
13.00 AQPAPAT
13.10 «Күйеу бала 2». Телехикая. («Qazaqstan» Ұлттық телеарнасы, 2022 ж.) (с субтитрами)
14.10 «Arta». Сараптамалық бағдарлама. AQPAPAT
15.00 Арнайы жоба
15.45 «БАҚЫТСЫЗДАР БАҒЫ». Телехикая. (Қазақстан, 2018 ж.)
17.00 AQPAPAT
17.15 «АУЫЛДАСТАР»
18.00 «ЖҮРЕКТЕГІ КҮЗ». Телехикая. (Түркия, 2019-2021 ж.ж.)
20.00 AQPAPAT
20.35 «ASHYQ ALAN». Қоғамдық-саяси ток-шоу. Тікелей эфир.
21.30 «КҮЙЕУ БАЛА 2». Телехикая. («Qazaqstan» Ұлттық телеарнасы, 2022 ж.) (с субтитрами)
22.30 «БАУЫРЛАР». Телехикая. (Түркия, 2021-2022 ж.ж.) (с субтитрами)
23.20 «1001 ТҮН». Қоғамдық бағдарлама. Тікелей эфир
0.35 «Сана». Ток-шоу.
1.35 AQPAPAT
2.10 «Өмір көркем»
3.00 «Ауылдастар»
3.30 Өнұран

ХАБАР

- 05.00 ҚР Өнұраны
05.00 «Қызық times»
06.00 Телевикторина. «Бегом за деньгами»
07.00 Тұсаукесер! Тікелей эфирде «Оян!»
10.00 Тұсаукесер! «Бақыттың кілті»
10.30 Тұсаукесер! «Бір кітап»
10.35 Мультсериал. «Невероятные приключения Нильса»
11.00 Тұсаукесер! «Гүлдер жыламайды»
12.00 Тұсаукесер! «Мелек»
14.00 Тұсаукесер! Тікелей эфирде «АйнаLine»
15.00 Мегахит. «Ночная бригада»
17.00 Телевикторина. «Бегом за деньгами»
18.00 Новости. Итоги дня
19.00 Қорытынды жаңалықтар. Біздің мақсат
20.00 Тұсаукесер! «Мелек»
22.00 Тұсаукесер! «Гүлдер жыламайды»
23.00 Телесериал. «Кто ты?»
01.00 ҚР Өнұраны

31-КАНАЛ

- 05.58 ҚР ӨНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студия
07.00 Утренняя программа «Таңсәрі». Прямой эфир
09.00 Үнді сериалы «Ануама»
10.00 Мультсериал «Маша и медведь»
11.30 Т/сериал «Потомки солнца»
13.00 КИНО. Джеки Чан в комедийном боевике «Полицейская история 2» (повтор)
15.40 КИНО. Сильвестр Сталлоне в боевике «Рокки Бальбоа» (повтор)
18.00 КИНО. Джейсон Стэйтем в боевике «Перевозчик»
20.00 Информбюро (русс./каз.)
21.00 КИНО. Джет Ли в боевике «Поцелуй дракона»
23.00 «Зейнеп» түрік телехикаясы
00.00 Үнді сериалы «Ануама» (қайталау)
01.00 «31 әзіл»
02.00 What's up
02.30 Сериал «Паутина»
03.20 Әзіл студия
03.50 1001 Әзіл
04.00 BALA BATLLE
04.30 What's up?
05.00 Ризамын

ЕВРАЗИЯ

- 6.00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
7.00 «П@УТИНА» бағдарламасы
8.00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9.00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10.00 «ВСЕ, ЧТО ЗАХОЧЕШЬ». Многосерийный фильм
14.10 «НОВОСТИ»
14.20 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14.30 «QOSLIKE» бағдарламасы
18.30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19.00 «KOREMIZ» бағдарламасы
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.35 Филипп Азаров, Борис Бедротов в многосерийном фильме «КРЕПКИЕ ОРЕШКИ»
23.25 «МЕНТОВСКИЕ ВОЙНЫ 3».
0.35 Многосерийный фильм Большая премьера. «ТРИГГЕР»

- 2.00 Ночной кинотеатр. «ВЕРПЬ»
2.50 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
3.00 «ТОЙ ЗАКАЗ» бағдарламасы
3.25 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
До 3.50



7-КАНАЛ

- 06.00 Т/п «Қуырдақ»
06.10 Т/х «Пәленшеевтер»
07.15 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
09.00 Х/с «Женский доктор»
10.10 Т/п «Гадалка»
11.30 Т/п «Орёл и решка»
12.30 Т/х «Пәленшеевтер»
14.00 Т/х «Жалдамалы әйелдер»
15.00 Т/х «Ауыл дәрігері»
16.10 Х/с «Дылды»
17.20 Х/с «Женский доктор»
18.30 Aibat
19.00 Вечерняя программа «Студия 7»
19.30 Х/с «Солнечный ноябрь» Премьера!
21.40 Т/х «Ауыл дәрігері»
23.00 Т/х «Жалдамалы әйелдер»
00.00 Х/с «Дылды»
01.00 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
03.00 Jaidarman
04.00 Т/х «Япырай»
05.00 Т/п «Қуырдақ»



КТК

- 07.00 ҚР ӨНҰРАНЫ
07.05 «КТК» ҚОРЖЫНЫНАН», ойын-сауық бағдарламасы
07.30 «ЖАТ ТҮЫСТАР», отандық телехикаясы. С субтитрами на русском
08.15 «БОРЕЦ», остросюжетный детектив (повтор) (худ.сериал)
12.20 «МОИ ДОРОГИЕ», мелодрама (худ.сериал)
16.30 «ЗӘКИРА». Тұсаукесер! С субтитрами на русском (док.драма)
17.30 «ЖҮРЕГІМНІҢ ИЕСІ», өзбек телехикаясы. Тұсаукесер! С субтитрами на русском
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20.00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу. Жаңа маусым!
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21.40 «БЕДНАЯ САША», мелодрама (худ.сериал)
00.00 «ШЕФ-5», остросюжетный детектив (худ.сериал)
01.50 «СТАРШИЙ СЛЕДОВАТЕЛЬ», криминальная мелодрама (повтор) (худ.сериал)
03.25 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу (қайталау)
04.10-
04.30 «КТК» ҚОРЖЫНЫНАН», ойын-сауық бағдарламасы (қайталау)

QAZSPORT KAZSPORT

- 07.00 Өнұран
07.05 ТЕННИС. «ASTANA OPEN» ATP-500
08.15 ФИГУРНОЕ КАТАНИЕ. Мемориал Дениса Тена
09.40 Арнайы репортаж
09.55 ВОЛЕЙБОЛ. Қазақстан Чемпионаты. Ұлттық лига. 1 тур. (Ерлер). «Тараз» – «Алтай».
12.05 Тікелей эфир
12.05 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасының журналы
12.30 «Ташкент татамиіндегі тартыс». Арнайы репортаж
12.55 ВОЛЕЙБОЛ. Қазақстан Чемпионаты. Ұлттық лига. 1 тур. (Ерлер).

- «Есіл СК» – «Атырау». Тікелей эфир
15.00 «Катарға дайындық». Деректі фильм
15.55 ВОЛЕЙБОЛ. Қазақстан Чемпионаты. Ұлттық лига. 1 тур. (Ерлер). «Павлодар» – «Ұшқын-Көкшетау». Тікелей эфир
17.55 «Үздіктер бас қосқан турнир». Арнайы репортаж
18.20 «SPORT REVIEW». Апталық-сараптамалық бағдарламасы
18.55 ВОЛЕЙБОЛ. Қазақстан Чемпионаты. Ұлттық лига. 1 тур. (Ерлер). «Жайық» – «Буревестник». Тікелей эфир
21.00 Дзюдодан Әлем Чемпионатындағы Қазақ спортшыларына шолу
21.30 ММА. М-1. CHALLENGE 85 (2017)
23.55 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасының шолуы
00.45 Өнұран

balapan BALAPAN

- 7.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Өнұраны
7.05 Анимация. Отандық / «Ойыншықтар»
7.15 Анимация. Отандық / «Балапан және оның достары»
7.45 «Маймылдар мекені» Мультхикая.
8.10 «Сақшы арыстан» Мультхикая.
8.35 Анимация. Отандық / «Бұзығым»
9.00 «100% ҚАСҚЫР» Мультхикая.
9.25 Анимация. Отандық / «Сиқырлы тас»
9.55 «Өнертапқыш Ник» Мультхикая.
10.10 «Еңбек-ермек» танымдық бағдарлама
10.20 Анимация. Отандық / «Томпи»
10.25 «Адал достар» Мультхикая.
10.50 «Көңілді құндыз» Мультхикая.
11.05 «Күмбір live» танымдық бағдарлама.
11.15 Анимация. Отандық / «Қобыланды батыр»
11.30 Анимация. Отандық / «Күшік»
11.40 Анимация. Отандық / «Сақалар»
11.55 «Бал балалары» ситком.
12.15 Анимация. Отандық / «Бала Бекзат»
12.25 Анимация. Отандық / «Батыл ұшқыштар»
12.40 Анимация. Отандық / «Глобус»
12.45 «Қайсар автобус» Мультхикая.
13.00 Тікелей эфир
13.35 «Кім тапқыр?» интеллектуалдық ойын
13.35 «Топбасшы Юху» Мультхикая.
14.00 Анимация. Отандық / «Ғарышкер бала Жігер»
14.15 Анимация. Отандық / «Бұзығым»
14.40 Анимация. Отандық / «Ойыншықтар»
14.50 Анимация. Отандық / «Суперкөлік Самұрық»
15.25 «Өнертапқыш Ник» Мультхикая.
15.40 «Баданаму қорғаушылары» Мультхикая.
16.05 «Горм сақшылары» Мультхикая.
16.30 Анимация. Отандық / «Балапан және оның достары»
17.05 «Сақшы арыстан» Мультхикая.

- 17.30 «Толағай» спорттық бағдарлама
18.00 Анимация. Отандық / «Сиқырлы тас»
18.25 «Адал достар» Мультхикая.
18.50 «Маймылдар мекені» Мультхикая.
19.15 «Көңілді құндыз» Мультхикая.
19.30 Анимация. Отандық / «Жасыл ел»
19.40 Анимация. Отандық / «Қобыланды батыр»
20.00 «100% ҚАСҚЫР» Мультхикая.
20.30 «Баданаму қорғаушылары» Мультхикая.
20.55 Анимация. Отандық / «Суперкөлік Самұрық»
21.35 «Қайсар автобус» Мультхикая.
21.55 «Момба мен Момми зерттеулері» Мультхикая.
22.10 Анимация. Отандық / «Күшік»
22.25 «Әжемнің ертегілері» кешкі ертегі.
22.40 «Топбасшы Юху» Мультхикая.
23.05 «Горм сақшылары» Мультхикая.
23.30 Анимация. Отандық / «Сақалар»
23.55 «Бесік жыры» – Өнұран
0.00 Эфирдің жабылуы



ASTANATV

- 06.00 «Фазилет ханым» телехикаясы
07.00 «Маша и медведь» Мультфильм
09.20 «ДАСТАН» түрік телехикаясы
10.20 «Жетім жүрек 2» үнді телехикаясы
12.00 «Шырмалған шындық» корей телехикаясы
13.30 «Время действий» Ток-шоу
14.40 «Окно жизни» телесериал
17.00 «Жұрттың балалары»
17.40 «Кішкентай келін» түрік телехикаясы
18.40 «Ана» телехикаясы
20.00 «Astana times»
21.00 «ДАСТАН» түрік телехикаясы
21.55 «Жетім жүрек 2» үнді телехикаясы
23.50 «Шырмалған шындық» корей телехикаясы
01.15 «Сиситай» Худ.фильм
03.20 «Мариям» телехикаясы

TALIM TV TALIMTV

- 07.00 Views
08.10 Қышқыл-мысқыл
09.00 Семейный доктор
09.30 Проза параграф
09.55 Саулықтың сыры
10.10 Қалақай
10.30 Денсаулық сыры
10.50 Ем болсын
11.00 «Маңызды мәселе (Архив)» – Қайталау
12.00 Ұлт саулығы
12.20 Ғибратты ғұмырлар
13.15 Саулықтың сыры
13.30 Абайдың жолы
14.10 Talim Speakers
15.00 «Сырласайық» (Архив) – Қайталау
16.00 «Бір келіншек» – телехикая
17.00 Ой-талқы
17.50 Dara til
18.10 Оңіле
18.30 «Бабалар сөзі – өсиет» – Терме
18.50 Денсаулық сыры
19.00 Тәлім trend
21.00 Анимация. Отандық /
«Тынымсыз шөжелер»
21.15 Анимация.
Отандық /
«Пырақтар»
21.40 «Зак дауыл»
Мультхикая.

- 22.10 Анимация. Отандық /
«Қалалар мен балалар»
22.25 «Әжемнің ертегілері»
кешкі ертегі.
22.40 «Мумилер өлкесі»
Мультхикая.
23.05 «Ақ құс»телехикая.
23.35 «Қырық төрт мысық»
Мультхикая.
23.55 «Бесік жыры» – Ұнұран
0.00 Эфирдің жабылуы

ASTANATV

- 06.00 «Фазилет ханым»
телехикаясы
07.00 «Маша и медведь»
Мультфильм
09.20 «ДАСТАН» түрік
телехикаясы
10.20 «Жетім жүрек 2»
үнді телехикаясы
12.00 «Жұлдызбысың»
13.10 «Берекелі мереке 4»
16.10 Сольный концерт
Турсынбека Кабатова
18.15 «Бақыт құшағында»
бағдарламасы
18.50 «Жұлдызбысың»
ТҰСАУКЕСЕР!
20.00 «Sapar Times» апталық-
сараптамалық
бағдарламасы
21.00 «ДАСТАН» түрік
телехикаясы
21.55 «Жетім жүрек 2»
үнді телехикаясы
23.30 «Көрү керек!»
бағдарламасы
01.00 «Келинка тоже человек»
Худ.фильм

TALIMTV TALIMTV

- 07.00 Семейный доктор
07.40 Тәлім History
08.10 Емен-жарқын
09.00 Абайдың жолы
09.30 Менің – Анам, Әкем
09.55 Саулықтың сыры
10.10 Жүйріктер
10.30 Денсаулық сыры
10.50 Ем болсын
11.00 Рухани байлық
11.30 Кестелі орамал
12.00 Ұлт саулығы
12.20 Ой-талқы
13.15 Саулықтың сыры
13.30 25-сағат
14.40 По душам
15.00 «Барыңды бағала» –
Таласфильм
16.00 «7 келін» –
телехикая
16.40 Бақытты отбасы
17.00 Views
18.10 Дара тіл
18.30 «Бабалар сөзі –
өсиет» – Терме
18.50 Денсаулық сыры
19.00 Қазақы әңгіме
19.35 ТамашаLike
19.50 Ұлт саулығы
20.00 Айтыс Strike
21.00 «7 келін» –
телехикая
21.30 Ұлттық спорт –
Көкпар
22.00 Идея
22.55 Views



«АЛАШ АҚТАҢДАҚТАРЫ».
«ХАБАР» АРНАСЫ. САҒАТ 16.30-ДА.

ЖЕКСЕНБІ
13 ҚАРАША

Almaty TV АЛМАТЫ

- 6.00 Әсем әуен
7.00 Үздік әзілдер
8.00 Мультфильмдер
9.00 Мультфильмы
9.30 Детский кино клуб.
Руфус. Хроники
волшебной страны
11.00 Жаңа маусым! IQ Almaty
12.00 ТҰСАУКЕСЕР! Сәлем,
Алматы!
12.40 Бақытты отбасы
13.20 Үздік әзілдер
13.50 ТҰСАУКЕСЕР!
Ана мен бала
14.30 Алматынские истории
15.00 Женский кино клуб.
«Человек без сердца»
19.00 Тұсаукесер! Телехикая.
«Ұлы Селжүктер»
66 серия
20.00 Тұсаукесер! Телехикая.
«Ұлы Селжүктер»
67 серия
21.00 Үздік әзілдер
22.00 Тұсаукесер! Телехикая.
«Няня. Бизнес по-
кыздарски» 5 серия
23.00 Мужское кино.
«Исходный код»
1.00 Бақытты отбасы
(қайталау)
1.30 Алматы тұнған тарих
2.00 Алматы кеші
2.45 Концерт
4.40 Алматы кеші
5.55 ҚР Өнұраны

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

- 6.00 Өнұран
6.05 «Жәдігер»
6.30 AQPAPAT
7.00 «Күй-керуен»
7.30 «Дәуір даналары».
Деректі фильм
8.20 «AQSAҮҮТ»
8.45 «Көңіл толқыны»
10.00 «Жүректегі күз».
Телехикая. (Түркия,
2019-2021 ж.ж.)
12.00 Дисней
ұсынады. «Ойыншықтар
хикаясы 3». Мультфильм
(АҚШ, 2010 ж.)
13.30 «Оралу». Көркем фильм
(«Қазақфильм», 2015 ж.)
15.15 Талант Арғынғалидың
концерті
17.25 «ӘЙЕЛ ӘЛЕМІ»
18.00 «ЖҮРЕКТЕГІ КҮЗ».
Телехикая. (Түркия,
2019-2021 ж.ж.)
20.00 «АРТА». Сараптамалық
бағдарлама.
Тікелей эфир
20.50 «НАРТӘУЕКЕЛ».
Зияткерлік-сауықтық
телевикторина.
22.00 «Көңіл толқыны»
22.30 «БАУЫРЛАР».
Телехикая. (Түркия,
2021-2022 ж.ж.)
(с субтитрами)
23.30 «Әзіл әлемі»
0.30 «Арта». Сараптамалық
бағдарлама.
1.20 «Aqsaуut»
1.40 «Жер бетіндегі киелі
мекендер». Деректі
фильм. (АҚШ, 2019 ж.)
2.25 «Әйел әлемі»
3.00 «Күй-керуен»
3.30 Өнұран



ХАБАР

- 05.00 ҚР Өнұраны
05.00 «Қызық times»
06.00 Концерт. «Сезімді
қайтейін» Қанат
Үмбетов
08.00 Кәсіпқой бокс. «Жәнібек
Әлімханұлы – Дензел
Бентли». Прямая
трансляция из США
10.30 Тұсаукесер!
«Помощь в дом»
11.30 Тұсаукесер!
«Әке бақыты»
12.30 «Балақай»

- 13.10 Мультфильм.
«Принцесса-лягушка.
Тайна волшебной
комнаты»
14.35 Мультсериал.
«Невероятные
приключения Нильса»
15.00 Телехикая марафоны.
«Шах сарайының
құпиялары»
17.00 Тұсаукесер!
«Дүлдүлдер дүбірі»
17.30 «Жеті қазына»
мега шоуы
19.30 Тұрсынбек Қабатовтың
«Jur-jubuten» шоуы
21.00 Информационный
канал – аналитическая
программа «7 күн»
21.40 «Отдел журналистских
расследований»
22.15 «Культурный контекст»
23.15 Мегахит.
«Безумный куш»
01.00 ҚР Өнұраны



31-КАНАЛ

- 05.58 ҚР ӨНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студио
07.00 Тамаша live
08.00 «31 әзіл»
08.30 «Күліп ALL» (қайталау)
09.00 TeleBingo. Прямой эфир
09.25 Готовим с Адель
10.00 Анимационный фильм
«В поисках Йети»
12.00 КИНО. Асель
Садвакасова в комедии
«Замуж в 30» (повтор)
14.10 Анимационный фильм
«Камуфляж и шпионаж»
(повтор)
16.20 КИНО. Роберт Дауни
мл., Крис Эванс в
фантастическом
боевике «Мстители.
Финал» (повтор)
20.10 КИНО. Милла Йовович
в фантастическом
боевике «Охотник на
монстров»
22.10 «Алдараспан»
00.30 Тамаша live
01.30 What's up?
02.30 «31 әзіл»
03.30 Әзіл студио
04.00 1001 Әзіл
04.30 Ризамын
05.00 «31 әзіл»
05.30 What's up?



ЕВРАЗИЯ

- 6.00 «ТОЙ БАЗАР»
бағдарламасы
7.50 «ВОСКРЕСНЫЕ
БЕСЕДЫ»
8.00 «ПОЕХАЛИ!»
9.00 «ПОВАРА НА КОЛЕСАХ»
10.00 «ҚАЙМАҚ»
бағдарламасы
10.35 «БЫВШИХ НЕ БЫВАЕТ».
Многосерийный фильм
«X FACTOR».
15.45 Девятый сезон
Премьера. Владимир
Вдовиченков,
Елена Лядова, Стас
Старовойтов, Надежда
Михалкова в фильме
«БАТА»
18.30 «ДОБРЫЙ ВЕЧЕР,
КАЗАХСТАН!»
20.00 «ГРАНИ». Прямой эфир
21.00 Юрий Стоянов,
Роман Мадянов,
Даниил Вахрушев,
Юлия Галкина в
многосерийном фильме
«ЗАПАСНЫЙ ВЫХОД»
1.35 «КВН-2022». ВЫСШАЯ
ЛИГА
3.25 «ТОЙ ЗАКАЗ»
бағдарламасы
До 3.50



7-КАНАЛ

- 06.00 Т/п «Қуырдақ»
06.10 Өн салшы, Роза!
08.40 Т/п «Құтты қонақ»
09.10 Т/п «Смеяться
разрешается»
11.30 Шоу «Битва поколений»



- 13.10 Т/х «Бастық боламын»
14.20 Берекелі мереке
17.30 Х/ф «Стукач»
20.00 Х/с «Земное
притяжение»
00.10 Берекелі мереке
01.50 Jaidarman
03.00 Т/х «Япырай»
04.00 Т/п «Тамаша»
05.00 Т/п «Қуырдақ»



КТК

- 07.00 ҚР ӨНҰРАНЫ
07.05 «ӨН МЕН ӨНШІ»
08.10 «OZAT OTBACЫ»,
ток-шоу
09.00 «ЮМОРИНА»,
шоу-программа
11.20 «ЧУЖАЯ СЕСТРА»,
мелодрама (повтор)
(худ.сериял)
15.00 «ӨНЕРДЕ 40 ЖЫЛ»,
Мақпал Жүнісованың
ән кеші
17.00 «КЕЙС», криминальная
мелодрама (худ.сериял)
21.00 «ПОРТРЕТ НЕДЕЛИ» с
Артуром Платоновым
22.00 «НЕВЕСТА МОЕГО
ДРУГА», мелодрама.
Премьера! (худ.фильм)
00.10 «ВЕРНИ МОЮ
ЛЮБОВЬ», мелодрама
(повтор) (худ.сериял)
02.00 «АТАЛАР СӨЗІ», өзбек
телехикаясы
03.00 «OZAT OTBACЫ»
(қайталау)
03.45-
04.20 «КТК» ҚОРЖЫНЫНАН»,
ойын-сауық
бағдарламасы

QAZSPORT KAZSPORT

- 07.00 Өнұран
07.05 ТЕННИС. «ASTANA
OPEN» ATP-500
09.05 Арнайы репортаж
09.20 ФУТБОЛ. Чемпионат
мира среди женщин
U-17. 1/2 финал.
Нигерия – Колумбия
11.35 «PRO FOOTBALL».
Еврокубоктың топтық
кезеңінің қорытындысы
12.10 ВОЛЕЙБОЛ. Қазақстан
Чемпионаты. Ұлттық
лига. 1 тур. (Ерлер).
«Буревестник» – «Алтай»
14.05 «Катарға саяхат».
Деректі фильм
14.55 ФУТЗАЛ. Қазақстан
Чемпионаты. 10 тур.
«Астана» – «Ақтөбе».
Тікелей эфир
16.40 «PRO FOOTBALL».
Еврокубки. Итоги
группового раунда
17.20 ХОККЕЙ. ҚХЛ. «Салават
Юлаев» (Уфа) – «Барыс»
(Астана). Тікелей эфир
19.55 ФУТЗАЛ. Қазақстан
Чемпионаты. 10 тур.
«Қайрат» – «Каспий».
Тікелей эфир
21.35 ФУТБОЛ. УЕФА
Чемпиондар Лигасының
журналы
22.25 КӘСІПҚОЙ БОКС.
Геннадий Головкин –
Сауль Канело Альварес
00.40 Арнайы репортаж
01.00 ФИГУРНОЕ КАТАНИЕ.
Гран При. Прямой эфир
03.30 Арнайы репортаж
03.45 Өнұран

balapan BALAPAN

- 7.00 Қазақстан
Республикасының
Мемлекеттік Өнұраны
7.05 Анимация. Отандық /
«Көңілді көкөністер»
7.40 «Құтқарушы
ойыншықтар»
Мультхикая.
8.05 Анимация. Отандық /
«Алан мен Қозықа»
8.30 «Көңілді жексенбі»
отбасылық бағдарлама
8.55 Анимация. Отандық /
«Ырысты ыдыстар»

- 9.05 «Ойыншық сақшылар»
Мультхикая.
9.15 «Расулдың хикаялары»
ситком
9.30 «Ботақаным» ойын-
сауықтық бағдарлама
10.00 Анимация. Отандық /
«Білгішбектер»
10.05 «Күн сәулелі көжектер»
Мультхикая.
10.35 Анимация. Отандық /
«Тоқты мен серке»
10.45 «Білім бейгесі» оқу-
танымдық бағдарлама
11.20 «Мумилер өлкесі»
Мультхикая.
11.45 Анимация. Отандық /
«Қалалар мен балалар»
11.55 Анимация. Отандық /
«Су астындағы оқиға»
12.20 «Ақ құс» телехикая.
12.45 «Зак дауыл»
Мультхикая.
13.10 Анимация. Отандық /
«Дәрігер Дана»
13.25 Анимация. Отандық /
«Әсем әуен»
13.55 Анимация. Отандық /
«Дүлдүл»
14.05 «Байқа, балақай!»
танымдық бағдарлама
14.10 Анимация. Отандық /
«Тынымсыз шөжелер»
14.40 «Қырық төрт мысық»
Мультхикая.
15.00 «Miss Kaussar» оқу-
танымдық бағдарлама
15.10 «Ежелгі қалаларға
саяхат» ақпараттық-
танымдық бағдарлама
15.15 Анимация. Отандық /
«Сәби»
15.30 «Құтқарушы
ойыншықтар»
Мультхикая.
15.55 Анимация. Отандық /
«Су астындағы оқиға»
16.25 «А4» ситком.
16.55 Анимация. Отандық /
«Ырысты ыдыстар»
17.05 Жаңа маусым!
Анимация. Отандық /
«Тоқты мен серке»
17.20 Анимация. Отандық /
«Жібек»
17.30 Анимация. Отандық /
«Глобус»
17.40 «Расулдың хикаялары»
ситком
18.10 Анимация. Отандық /
«Дүлдүл»
18.20 «Ойыншық сақшылар»
Мультхикая.
18.35 «Күн сәулелі көжектер»
Мультхикая.
19.05 Анимация.
Отандық /
«Көңілді көліктер»
19.35 «Өнертапқыш»
танымдық
бағдарлама.
19.50 Анимация. Отандық /
«Алан мен Қозықа»
20.10 «А4» ситком.
20.40 Анимация. Отандық /
«Дәрігер Дана»
20.55 Анимация. Отандық /
«Тынымсыз
шөжелер»
21.15 «Көңілді жексенбі»
отбасылық
бағдарлама

- 21.40 «Зак дауыл»
Мультхикая.
22.10 Анимация. Отандық /
«Қалалар мен балалар»
22.25 «Әжемнің ертегілері»
кешкі ертегі.
22.40 «Мумилер өлкесі»
Мультхикая.
23.05 «Ақ құс»
телехикая.
23.35 «Қырық төрт мысық»
Мультхикая.
23.55 «Бесік жыры» – Өнұран
0.00 Эфирдің жабылуы



ASTANATV

- 06.00 «Фазилет ханым»
телехикаясы
07.00 «Маша и медведь»
Мультфильм
09.20 «ДАСТАН» түрік
телехикаясы
10.20 «Жетім жүрек 2»
үнді телехикаясы
12.00 «Жұлдызбысың»
13.00 Алдараспан
16.10 «Родной ребенок»
Худ.фильм
19.10 «Почти мачо»
Худ.фильм
21.00 «ДАСТАН»
түрік телехикаясы
21.55 «Жетім жүрек 2»
үнді телехикаясы
23.50 «Коктейль для звезды»
Худ.фильм
01.50 «Мәңгі өмір сүргің
келсе»
Худ.фильм



TALIMTV

- 07.00 Views
08.10 Өнер қырандары
09.00 Айтыс.
Алтын қор
09.30 «Саморазвитие» –
Маржан коуч
09.55 Саулықтың сыры
10.10 «Баланы бала
демеңіз» –
Балалар уақыты
10.30 Денсаулық сыры
10.50 Ем болсын
11.00 Өмірлері өнегелі
әкем, анам
12.00 Ұлт саулығы
12.20 Қазақ спортының
классикасы
13.15 Саулықтың сыры
13.30 Автопортрет
14.10 Тәтті time
14.50 Подкаст –
«7 келін»
16.00 «7 келін» –
телехикая
16.40 ТамашаLike
17.15 Шабдалы –
көркем фильм
18.50 Денсаулық сыры
19.00 Talim Speakers
19.35 Пруст сауалнамасы
19.50 Ұлт саулығы
20.00 «Бір дүбұл»
22.00 «7 келін» –
телехикая
22.30 Балалық шаққа саяхат
22.55 Views



Жәнібек ӘЛІМХАНҰЛЫ – Дензел БЕНТЛИ.
АҚШ-тан тікелей эфир. «ХАБАР» арнасы.
Сағат 08.00-де.



● ДИАЛОГ ПЛАТФОРМАСЫ

ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙДАН ҰТАРЫМЫЗ КӨП



Рая
ЕСКЕНДІР

Ұлытау төрінде дәл осынау ұлық мерекені қайта жаңғырту туралы бастаманың көтерілгені көптің арманы еді. Сондықтан мемлекетіміздің тағдырын айқындаған келелі шешімдер дәл осы құрылтай арқылы қабылданды деуге толық негіз бар. Оның үстіне аталмыш құрылтайдың Алматыда немесе елордада емес, сонау ғасырда Алтын Орданың алғаш туын тіккен жерінде өтуінің өзі Ұлттық құрылтайдың маңызын айшықтай түскендей.

Тарихқа көз жіберсек, біздің қазақ әртүрлі жағдай орын алғанда, нақтырағы сын сағатта құрылтай шақырғаны белгілі. Ел Президенті де осыған маңыз берді. Баршамызға белгілі, кешегі қаңтар оқиғасы орын алғаннан кейін біздегі барлық салаларды қайта қарау мәселесі бой көтерді. Алғашқы құрылтайдың Жошы хан кесенесі іргесінде өткізілуінде ерекше мән жатыр. Мемлекеттігіміздің тарихы Алтын Ордан бастау алып, Қазақ хандығы дәуірінде қалыптасып, Алаш Орда кезеңінде жалғасып, Тәуелсіз Қазақстан тұсында қайта жаңғырды. Құрылтайдың бірінші отырысы Ұлытауда өтсе, екінші жиын Түркістанда болады. Бұл халқымыз үшін киелі жерлер.

Әрине, Ұлттық құрылтайға ай сайын жиналмайтыны белгілі. Сондықтан мұнда тек

Ағымдағы жылы небір тарихи оқиғалар орын алып, ел есінде қалды. Сондай тарихи оқиғалардың арасында 16 маусымда Ұлытау төрінде өткен Ұлттық құрылтайдың алғашқы отырысының шоқтығы тым биік. Өйткені, дәл осы күні ұлттық құндылықтарға негізделген мемлекеттің болашақ дамуы туралы құнды бастамалар көтеріліп, ұсыныстар айтылды. Сол ұсыныстардың бірі – ұлық мереке Республика күні ортамызға қайта оралды. Егемендігіміз туралы декларацияға қол қойылған күнді тарих ұмытпауы керек.



мемлекет пен ел тағдырына қатысты маңызды мәселелер қаралды. Дәл қазіргі таңда ең басты негізгі мақсат – еліміздегі өмір сүру салтымызды, ішкі және сыртқы саясаттағы қарым-қатынастар, жалпы саяси-құқықтық

мәдениетімізді қалыптастыру сияқты мәселелер алда тұр. Ұлттық құрылтайдың тағы бір ерекшелігі – экономика, білім, ғылым, заң, әлеуметтік және мәдениет саласындағы есімдері елге белгілі тұлғалар

іріктеліп алынды. Әрине, Ұлытауда өткен құрылтайда Мемлекет басшысы қаңтар оқиғасынан қандай сабақ алуымыз керек, елдің көшін қай бағытқа алып жүреміз деген сипаттағы мәселелерді ортаға салып, аражігін анықтап алмақ болғаны да белгілі.

Бұдан өзге, ашық қоғам құру, бай мен кедейдің арасын жақындастыру, сот жүйесіндегі Конституциялық өзгерістерді түбегейлі қабылдау жұмыстарына да терең мән берді. Баршамыз Ұлттық құрылтайдың қандай мәселелерге ерекше ден қойғанына назар аудардық. Біз күткендей көп мәселенің аражігі анықталған сияқты. Ең бастысы, ұлт ретінде дамуымызға оң әсерін тигізетін мәселелер қолға алынып отыр. Әсіресе, жастар саясаты, ұлттық рухты көтеретін жобаларды жүзеге асырудың қолға алынып жатқаны көңіл сүйсінтеді. Сондай-ақ, осы бағыттағы дүниелердің жүзеге асу жағын назарға алатын арнайы жұмыс тобы құрылды. Ұлттық құрылтайдың жұмысын жүйелі жүргізу үшін қажетті тақырыптар бекітіліп, нақты мәселелер айқындалды.

Ең бастысы – ұлттық бағытқа аса көңіл бөлінді. Сондықтан Ұлттық құрылтайды жәй ғана жиын деп емес, Тәуелсіздік дәуірінде қалыптасқан жастарымыз бен замандастарымыздың мемлекетімізге тигізер пайдасын толық сезінуін қамтамасыз ететін алқалы жиын деп қабылдағанымыз жөн. Жылына бір мәрте жиналатын Ұлттық құрылтайдың бірінші кезекте халқымыздың белгілі бір идеологиясын қалыптастырып, соны қамтамасыз ететін алаңға айналары анық.

● ЕҢБЕК АДАМЫ

Оқырман мен кітаптың адал досы

Біздің бүгінгі кейіпкеріміз – қаладағы А.П.Чехов атындағы орталық кітапхананың «Оқырмандарға қызмет көрсету бөлімінің» қызметкері Айнұр Балаубаева. Жоғары білім иесі. Ол осы кітапхана есігін ашқанға дейін «кітапханашы тек оқырманның сұраған кітабын тауып беріп, мүлгіген тыныштықта үнсіз ғана отыратын адам» деп ойлаушы еді. Мүлдем олай емес екен. Кітапхана – нағыз қайнаған тіршіліктің, руханияттың ұясы болып шықты.



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Әкесі газет-журнал дегеннен ақшасын аямайтын, көп басылымдарды жаздырып алатын. Пошташы үйге «Жалын», «Жұлдыз», «Мәдениет және тұрмыс» журналдарын, «Қазақстан пионері» және тағы басқа да газеттерді алып келгенде, бәрі таласа-тармаса оқитыны есінде. Әдебиетке, сөз өнеріне, көркем шығармаларға, жалпы көркемдікке махаббаты сол шақта оянған секілді.

Осыдан бес жыл бұрын іздеп жүріп, кітапханаға келіп түйіндемесін қалдырып кеткен болатын. Айнұрмен біраз сөйлескен кітапхана әкімшілігі оны небәрі екі аптаның ішінде жұмысқа қабылдады. Көзі ашық, көкірегі ояу екенін танығаннан болар.

Осында келгелі түрлі әдеби-танымдық кештер, Олжас Сүлейменов, Мұрат Әуезов, Секен Тұрысбеков сынды тұлғалардан бастап, көптеген зиялы қауым өкілдерімен кездесулер, мәдени іс-шаралар өткізіп, алғысқа бөленіп жүрген жайы бар. «Жайықтың ақ шағаласы атанған» ақын, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Ақұштап Бақтыгерееваның Алматының орталық кітапханасына келіп қонақ болып кеткенін әлі ұмытпайды.

Поэзияға толы керемет, әсерлі кездесудің соңын ақынның кітапханашы Айнұрдың өнерлі, енші қызы Кәусарға берген батасы түйіндегенде, жүрегі толқыды. Ақ бата қабыл болды ма екен, бүгінде бүлдіршін Кәусардың сөздері түйдек-түйдек, түйеден түскендей сөйлеп қоятыны бар арасында. Кішкентай болса да сөз қадірін түсінетініне қуанады. Осы кеште

ақынға тосын сый жасап, бір кішкентай баланың сартылдағып өлеңін оқып бергені бар-ды. Айнұр кештің ұйымдастыру шараларымен жүріп кейін аты-жөнін нақтылап алуды да ұмытып кетіпті. Қазір сол сәулелі бала, кішкентай оқырманымыз қайда жүр екен деп ойлап қоятыны да бар кей-кейде.

Сондай мәдени-рухани кештерге қатысқан және өз керегін іздеп келіп, тапқан оқырмандар алғысын білдіріп жатса, бұл салада бекер жүрмегенін сезініп, өзін бақытты сезінетінін де жасырмады. Иә, ол сүйікті ісіне деген шабытты ойлы оқырмандарының алғысынан алады.

Әрдайым «Кітап көздің көру қабілетін жақсартуға себеп болады және адамның ойлануына, оқиғалар мен кейіпкерлерді көз алдына елестетуге мүмкіндік береді. Сол себепті оқырман мен кітапхана тығыз байланыста болуы қажет» деген пікірдегі Айнұр бүгінгідей гаджеттер, ғаламтор үстемдік құрған заманда жастардың тегіс кітаптан «безіп» кетпегенін, қайта олардың арасында кітапқұмарлардың көбейіп келе жатқанын аса ықыласпен айтып отыр.

– Бізге келетін жастар өте көп, кітапхана демалыссыз таңғы 9-дан кешкі 8-ге дейін жұмыс істейді. Біз қалайда жас буындар кітаппен достастырымыз келеді. Өйткені, жастардың келешекте өз саласының нағыз маманы болып қалыптасуына, көркем мінезді, білімді болуына кітаптың берері мол екені сөзсіз. Қағаз бен қаламды, өнерді серік еткен белгілі тұлғалармен кездесу кештерінде олар өздеріне қызықты сауалдарын қойып, тым болмаса жазылған кітап туралы ақпарат алып кетеді. Кітапты жанына серік еткен жастар мұндай



іс-шараларды жібермейді. Мысалы, таяуда Шерхан Мұртаза ағамыздың 90 жылдық мерейтойына арнап «Қазақ әдебиетінің қызыл жібесі» атты әдеби-сазды кеш өткіздім. Керемет өтті. Т.Жүргенов атындағы Өнер академиясының студенттері «Мылтықсыз майдан» шығармасынан сахналық қойылым ұсынды. Әшірбек Көпіш ағамыз «Шер-ағанның өзін көргендей болдым» деп жастарға ризашылықпен батасын берді. Осы кешке келген жастар болашақта Мұхтар Әуезов, Ахмет Байтұрсынұлы, Қабдеш Жұмаділов сынды қаламгерлердің өмірі мен шығармашылығы туралы білсек деп, басқа да көзі зиялы қауым өкілдерімен кездесу ұйымдастыруды өтініп кетті. Осындай жастар бар кезде жастар кітап оқымайды деп қалай айтамыз?! – деп тебіренді Айнұр замандасымыз.

Осы аптаның басында кітапханада Айнұр Балаубаеваның ұйымдастыруымен тағы бір әдемі кеш өтті. Қазақ музыка өнерінің көрнекті қайраткері, күйші-композитор Нұрғиса Тілендиевке арналған «Қаһарман Нұрғиса» және «Ғасыр сазын тербеген» кітаптары таныстырылып, оқырманға жол тартты. Нұрғиса Тілендиев дегенде есімізге бірден «Отырар сазы» оркестрі түседі емес пе. Осы оркестрде тұрын

● ҚЫСҚА-НҰСҚА

– ЕҢ СҮЙІКТІ КІТАБЫҢЫЗ БЕН ЕҢ СҮЙІКТІ КЕЙІПКЕРІҢІЗ?

– Әзілхан Нұршайықовтың «Махаббат, қызық мол жылдар» кітабы. Ондағы Ербол мен Ментайды жақсы көремін.

– ҮЙІҢІЗДЕГІ КІТАП ҚОРЫ ҚАНША?

– Біраз бар. Көп деп те, аз деп те айта алмаймын. Әр қазақтың үйінде бар М.Әуезовтің «Абай жолынан» бастап, тарихи кітаптар, небір мықты ақын-жазушылардың кітаптарын жинағам, әлі де жинап жүрмін.

– ХОББИҢІЗ?

– Адамдармен сөйлесіп, олардың тілін таба білу. Екінші хоббиім – кітап оқу. Соңғы оқыған кітабым – Ақберен Елгезектің «Болмаған балалық шағы».

– БАЛАҢЫЗ КІТАП ОҚИ МА?

– 2-сыныпта оқитын Кәусар атты қызым бар. Алты жасынан гимназияда оқып жүр. Кітапты жақсы көреді. Жаттауы тез, бірдеңе оқыса қағып алады. Талай байқаулардың жеңімпазы. Ол – менің мақтанышым.

дирижер, Нұрғисаның көмекшісі болған, қазіргі күні К.Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған республикалық мамандандырылған музыкалық орта мектеп-интернатының оқытушысы Сейітқали Қашағанов пакетпен кіріп келе жатқанда Айнұр қатты таңырқаған. Сөйтсек, ол кісі ұзақ жылдар сақтаған, сазгердің көзі

тірісінде өзіне берген екі кітабын, үйге киген шапанын көтеріп келіпті. Күйші-сазгердің музейіне табыстады. Осындай әдеби, мәдени кездесулерді жиі ұйымдастыратын және содан ләззат алып рахаттанатын кітапханашы жастардың жүрегіне руханияттың дәнін себе алсам, мақсатымның орындалғаны дейді.



ШАҢЫРАҚ

«Отбасының ошағы сөнбеу үшін екі жақтан бірдей отын салып отыру керек» деген сөз бар. Босағаның берік болуына ер де, әйел де мүдделі болғанда ғана шаңырақ биік болмақ. Бірақ өкінішке қарай, кейінгі жылдары шаңырағы шайқалған отбасылардың қатары азаймай тұр. Ресми деректерге сүйенсек, 2022 жылдың алғашқы үш айында елімізде төрт мыңдай ерлі-зайыпты ажырасқан. Алматы қаласы бойынша 536 отбасы ажырасуға шешім қабылдапты.

МАХАББАТТЫҢ БЕС ТІЛІН БІЛУ МАҢЫЗДЫ



Мәңгілік қол ұстасып өтуге серт беріп, отбасылық өмірге бірге аттаған жұптарға сабырлылық, бір-біріне деген сенім, төзімділік жетіспей жатыр ма, әйтеуір, қазіргі кезде отбасы институты әлсіреп кетті. Көптеген жас отбасылар болмашы ұсақ-түйекке бола ажырасып жатады, жанұядағы алғашқы қиындықтарды көтере алмайды. Былтыр елімізде 2700 отбасы үйленгендеріне бір жыл толмай айырылысып кеткен. IFFD Kazakhstan халықаралық отбасын дамыту федерациясының сарапшысы Роман Павлеттаның айтуынша, егер ерлі-зайыптылар қарапайым, бірақ өте тиімді ережелерді ұстанатын болса, отбасын сақтап қалуға болады. Әр отбасында қиын кезеңдер болады. Осындай кезеңдерден өту үшін оған дайын болу керек.

«Махаббаттың бес тілі бар, егер әрбір адам өз жұбына осы тілдердің қайсысы түсі-

нікті екенін білсе, некені сақтау оңай болар еді. Махаббаттың бес тілін жаттап алудың еш қиындығы жоқ. Бұл жерде асқан полиглот, интеллектуал болудың қажеті жоқ, тек нәзік сезімталдық, сенім болса, ойынды ашық жеткізе алсаң болғаны. Махаббаттың бес тілі – бұл сөз, уақыт, қолдау, көмек, жанасу. Біреуге сөзбен қолдау білдіруге болады, енді біреу жұбынан махаббатын іс жүзінде дәлелдегенін күтеді. Кейбір адамға бір ғана «тіл» аздық етеді, кейде бірнеше «тілді» қолдануға тура келеді». Сезімді аялау үшін бірге серуендеу, тосын сый, бір-біріне мейірім төгу, қамқорлық көрсету, ортақ арман керек. Отбасылық қарым-қатынаста ерлі-зайыптылардың ешбірі бір-біріне дес бермесе, сыйласпаса, төзімділік пен даналық танытпаса, ажырасудан басқа жол қалмайды», – дейді сарапшы.

Сарапшы тағы бір мәселеге ерекше назар аударды, көп жағдайда ерлі-зайыптылар отбасында бала дүниеге келгеннен кейін немесе балалары ержетіп, өз өмірлерімен кеткенде ажырасып жатады. Бірінші жағдайда бала тәрбиесімен тек әйел адам айналысып, әкелері шетте қалады. Үйдің тірлігі мен баланың күтімінен шаршаған келіншектерге күйеуі қолдау білдірмегенде отбасылық өмірден жериді. Ең дұрысы, ер мен әйелі балалы болуға алдын ала әзірленіп, міндеттерін айқындап алғаны жөн.

Ал екінші жағдайда ата-ана барлық махаббаттарын түгелдей баласына арнайды. Балалар есейгенде, оқуға кеткенде немесе өз отбасын құрғанда ерлі-зайыптылардың сөйлесетін ортақ әңгімелері де таусылып, бел ортаға келгенде екі жаққа кетіп тынады.

Бексұлтан Нұржекеұлының «Ерлі-

зайыптылар» кітабында «Үй болу, оның татулығын сақтау оңай емес. Өйткені, өмірдің өзі де, сол өмірдің ең тәттісі махаббат та тек мерекелі сәттердің тізбегі емес. Махаббаттың қызығына қарай қиындығы да мол. Алайда, қосағың келіп құшағыңа кіргенде, балаң келіп мойныңа асылғанда, қиындықтың бәрі қуанышқа айналып шыға келеді» дейді. Рас, бақытты өмір болмайды, тек бақытты сәттерден тұрады. Кейбір сәтсіздіктер үшін шаңырақтар шайқала берсе, отбасынан жылулықты, махаббатты сезінбеген күнәсіз сәбилер де зардап шегеді. Кейбір отбасында ажырасудан басқа амал жоқ, бір-біріне еркіндік беру арқылы ғана бақыттың дәмін сезуге болатын жайттар кездеседі. Дегенмен, құдай қосқан жұптардың қосағымен қоса ағарғанына не жетсін...

ДӘСТҮР

Қара шаңырақ

Қара шаңырақ дегенде әр қазақтың көз алдына өзінің туып-өскен үйі немесе ата-әжесінің шаңырағы елестейді. Қара шаңырақ – қасиетті, қастерлі ұғым.



Қалада, шетелде оқып, жұмыс істеп жүрген жастар ауылға барғанда үлкен кісілер, әке-шешелері ұл-қыздарына үлкен үйге барып сәлем беріп шық деп ескертіп отырады. Үлкен үй дегені – қарт ата-әжесі отырған, бала-шағасы сол үйден өсіп-өніп тарап шыққан қара шаңырақ. Ұрпағын көрегендікке, ізеттілікке тәрбиелейтін қазақ халқында осындай бір жақсы дәстүр бар. Ұлтымызға тән осы бір дәстүр өскелең ұрпақты үлкенді сыйлауға, ата-анаға қамқор болуға тәрбиелейді.

Әулеттің үлкен балалары еншісін алып бөлек шығады, қыздар өз жұртына кетеді, ал үйдің кенжесі әдетте әке-шешесімен бірге қалады. «Қара шаңырақ» деп аталатын өкениң үйіне болашақта кенже бала ие болып қалады. «Шаңыраққа ие болып қалатын ұлдың аты ұл ғой шіркін қашанда» демекші, ата-бабалырымыз ер баланы ерте жастан әулетке бас болуға, қамқор болуға баулыған. Жасы кіші болғанмен, кенже бала отырған үлкен үй жасы үлкен ағайын-туыс үшін қадірлі, қасиетті болып саналады. Әке-шешені асырау, қартайғанда оларға қамқор болу кенже ұлдың мойнында болғанымен, басқа балалар да ата-анасының алдындағы жауапкершілігін атқарады.

Бірде жақсы араласатын достарымызды Наурыз тойын бірге атап өтуге үйге қонаққа

шақырдық. Сонда досымыз: «Ренжімендерші, келе алмаймын. Біздің үйде қалыптасқан дәстүр бар. 22 наурыз күні барлық ағайын-туыс қара шаңырақта жиналамыз. Дәл сол күнге ештеңе жоспарламаймыз» деді. Осы сөзді естіп, іштей риза болдым. Қазақтың жазылмаған заңын, қасиетті дәстүрін ұстанатын әулетке құрметің арта түседі екен.

Қара шаңыраққа ие болып отырған ұл мен келін басқалардың құрметіне ие болған. Қазақта «Би болмаса да, би түсетін үй болсын» деген аталы сөз бар. Осы сөз қара шаңыраққа қатысты айтылса керек. Жиын-тойларда, мерекелерде бір әулеттің балалары қара шаңыраққа жиналып, дастарханнан дәм татып, ата-ананың батасын алуының өзі қандай ғанибет.

Бүгінде шаңырақты қастерлеу, үлкенді құрметтеу секілді қазақы болмысымыз аздап бұлыңғырланғаны рас. Қазір кенже келіндердің өзі ата-енесінен бөлек шыққысы келіп тұрады, ата-ене де келінді тәрбиелеуге қауқарымыз жетпейді дей ме екен, бөлек шығаруға асық. Қара шаңыраққа ие болу – ескіліктің салты емес, жанымызға жылу сыйлайтын, тұтастай ұлттық болмысымызды сипаттайтын, парасат-пайымымызды ашып көрсететін құндылығымыз екенін түсінсек екен.

МЕЙІРІМ

Алматыдағы ерекше балаларға арналған оңалту орталықтарының бірінде Жанар есімді келіншекпен сөйлесудің реті келді. Ерекше бала тәрбиелеп отырған отбасының оқиғасы жүректі елжіретерлік. Жанардың басындағы жағдайға ұқсас қаншама тағдыр бар. Ерекше баладан кейін дүниеге бала әкелуге жүректің жүрген әйелдер де жоқ емес. Бәлкім, біреуге ой салар...



Ерекше бала

Екінші балама аяғым ауыр екенін естігенде анам да, енем де қуана қоймады. Күйеуім үндемеді. Өйткені, тұңғышым – ерекше бала. Оларды түсінемін, аурушаң баламен әуре болып жүргенде екінші баланы қалай бағамыз, ол баланың да денсаулығында кінәрат болса ше деп алаңдаулары орынды еді.

Алғашқы жүктілігім қалыпты өткен. Дәрігерлер құрсақтағы шарана дұрыс дамып жатқанын айтты. Бірінші жүктілігім болған соң тәжірибенің жоктығынан, мамандардың салғырттығынан ба, баламның мойны қысылып туылды. 2-3 айлық кезінде сәбиім шырылдап жылай беретін, 6 айында басқа балалар секілді белін ұстап отыра алмады. Дәрігерлердің табалдырығын тоздырып жүріп, 9 айында балама сал ауруы деген диагноз қойылды. Ұлымды үнемі емдетіп, оңалтуға тырысып келеміз. 3-4 жасында алғаш қадам басты, 6-7 жасында тілі шыға бастады, бірақ әлі күнге анық емес.

Осы тұңғышым 1 жасқа келгенде екіншіме аяғым ауыр екенін білдім. Шынымды айтсам, өзімде де қуаныштан гөрі қорқыныш басым болды. Бірақ екінші баламның дені сау болып туылатынын

жүрегім сезді. Ұлымды емдетіп жүріп жүктілігімнің қалай өткенін де білмеймін. Көп ұзамай дүниеге қызым келді. Менің тұңғышыма көбірек көңіл бөлуім керек екенін туа сала түсінгендей қызым тыныш бала болды. Қызым жүруге талпынғанда ағасы да оған ілесіп жүруге тырысты. Қарындасы ағасына қолындағы нанын, печенбесін, ойыншығын беріп қамқорлық танытып жүретін.

Қазір тұңғышым 12-де, қызым 10 жас-тан асты, 4 жаста кішкентай інілері бар. Бірде қызым:

– Анашым, кейін Темірлан үйленгенде бізден бөлек тұра ма? – деп сұрады.

– Иә, әрине, қызым, кейін әрқайсың өз отбасыларыңмен бөлек тұрасыңдар, бауыр, туыс болып араласасыңдар, – дедім.

Сонда қызым ойланап тұрып: – Кейін Темірланның үйіне өзім жиі барып тұрамын. Оның әйелі ағамды қалай тамақтандыратынын білуім керек. Егер ол дұрыс тамақ бермесе, өзім-ақ жасап берем, – дегені.

Қызымның кішкентай ғана жүрегі ағасының ертеңіне уайымдайды. Бауырына қамқор болған қарашығым. Сен өзіңнің дүниеге келуіңмен отбасымызға шуақ әкелгеніңді білемісің?!

Бетгі әзірлеген
Айнұр СЕНБАЕВА.



ОҚЫРМАНДАР НАЗАРЫНА!

«Almaty aqshamy» газеті Астана мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

- * мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;
- * бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;
- * әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де,
ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

- * құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;
- * құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне
хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ЖАЗЫЛ ДА, ҰТЫП АЛ!

Құрметті оқырман!

2023 жылға баспасөзге жазылу басталды. «Almaty aqshamy» газеті тұрақты оқырмандарымыз бен жаңа оқырмандарымызды редакцияның «Жазыл да, ұтып ал!» атты байқауына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ойнатылады.

Байқауға қалай қатысуға болады?

«Almaty aqshamy» газетіне 2023 жылға бір жылға жазылу керек. 2022 жылдың 25 желтоқсанына дейін газетке жазылғаны жөніндегі түбіртектің көшірмесін конвертке салып, редакцияға жолдаңыз. **Редакцияның мекенжайы:** ҚР, 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің қиылысы), №21 бөлме, тел.: 8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61, немесе сканерленген жазылу түбіртегін (тақырып – «Жазыл да, ұтып ал!») alatayaqparat@mail.ru электронды адресіне жіберу керек.

Назар аударыңыз! Өзіңіздің толық аты-жөніңізді және мекенжай мен байланыс телефонын көрсетіңіз.

Қай жерде жазылуға болады?

«Казпочта» АҚ барлық бөлімшелерінде, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС.

2023 жылға бір жылдық жазылу қанша тұрады?

Жекелеген оқырман үшін (жазылу индексі 65503) – 7206,00 теңге. ҰОС ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүгедектері бар тұлғалар мен көпбалалы аналарға (жазылу индексі 95503) – 5286,00 теңге.

Байқауға бір жылға толық жазылған оқырмандар ғана қатыса алады.

Сыйлықтар 2023 жылдың 24 ақпанында «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз бақылаушының қатысуымен өтеді. Жеңімпаздардың есімі 2023 жылдың 2 наурызындағы газет санында жарияланады.

Сәттілік серік болсын, құрметті оқырман!

Анықтама телефондары:
8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61.

КӨРМЕ

Бейнелеу өнеріне өзіндік мәнерімен енді

Алматыда Ә.Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейінде Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Бақытжан Әбішевтің туғанына 75 жыл толуына орай «Кездесу. Әбішев әлемі» атты көрме ұйымдастырылды. Экспозицияға автордың 40-қа жуық мүсін туындылары мен монументалды ескерткіштердің фотосуреттері қойылды.

Ақтолықын
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Мүсінші Бақытжан Әбішевтің шығармашылығы 1970 жылдары Қазақстан бейнелеу өнеріне өзіндік ұлттық мәнерімен енді. Оның шығармашылығының құндылығы туындыларының сюжеттік мазмұнының ауқымдылығымен, пластикалық шешімдерді табудағы шеберлігі мен кеңістікте мүсін жасаудағы еркіндігімен ерекшеленеді.

«Көрмені аралап жүріп мүсіндермен сырласқандай болдым. Ол кісінің жасаған еңбектері ұрпақ жадында мәңгілік сақталады. Шығармашылығын қарап, ауыл өмірін, сүйкімді сәйгүлікті тамашаладық. Сондай-ақ, ат жетектеген қазақ жастарының мәңгілік бейнесі ескерткіште қалғанына қуаныштымын», – дейді көрермен Жазира Ескербек.

Бақытжан Әбішевтің жұмыстары Қазақстан мен шетел музейлеріне қойылған. Лозаннадағы Олимпиада комитетінің штаб-пәтерінде «Олимпиец», Германиядағы жеке



коллекцияда «Күйші», Мәскеуде «Томирис» сияқты туындылары бар.

Мүсінші Махамбеттің 200 жылдық мерейтойына арнап қазақ халқының кемеңгер ұлдары Махамбет Өтемісов пен Исатай Таймановтың ат үстіндегі ерекше монументін жасаған. Атырауда тұр.

Автор туындыларында түрлі композициялық және живописі пластика әдістерін қолданады. Оның «Ана портреті», «Уран», «Құлагер», «Ұмай», «Томирис», «Беташар», «Бүркітші», «Батыр» сияқты еңбектері кеңінен танымал.



ӘЛЕУМЕТ

Әлеуметтік бейімдеу жобасы

Алматы қаласында аудандық пробацациялық қызмет басшылары, Қоғамдық даму басқармасы, Прокуратура, ҚАЖД өкілдері және Жұмыспен қамту орталығы өкілдерінің қатысуымен «Дөңгелек үстел» өтті.

Шарада бас бостандығынан айыру орындарынан босап шыққандарды әлеуметтік бейімдеу жобасының қорытындысын ұсынды.

«Жоба мақсаты – ағымдағы жыл бойы ЛА-155/13, ЛА-155/6, ЛА-155/18 мекемелері мен қала бойынша барлық ауданның пробацациялық есебінде тұрғандар арасында психологиялық, заң кеңестерін, бос жұмыс орындары жәрмеңкесін, тақырыптық іс-шаралар ұйымдастыру. Қатысушылардың пікірінше жоба нәтижелі, өте жоғары деңгейде өтті. Жалпы, жоба барысында 600-ге жуық адам қамтылды», – дейді «Qazaqstan Jastary» ҚҚ-ның жоба үйлестірушісі Нұржау Мәди.

Ақтолықын ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ.



ALATAY AQPARAT

Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР
тел.: 232-36-54.

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Бас директордың шығармашылық
жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanysh@mail.ru

Жарнама бөлімінің
менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail: dalemesh@vecher.kz

Тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
тел.: 232-36-51. e-mail:
aliya.yesimkhanova@bk.ru

Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамтына:
+7 707 932 39 18 телефондары
арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-
саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі
күндері шығады.
Апталық
таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Гүлжанат СЕМБАЕВА

Газет Қазақстан Республикасының
Ақпарат және қоғамдық даму
министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№KZ80VPY00026040
куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында теріліп,
беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама беруші
жауап береді.
Автордың мақалалары редакция
көзқарасын білдірмейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің
электронды нұсқасы
«AIR ASTANA»
әуе компаниясы бортндағы
жолаушыларға қолжетімді.

**Балалар
жылы
2022****ҚОС МЕДАЛЬ
ЖЕҢІП АЛДЫ****Рая
ЕСКЕНДІР**

«Браво» көркем және эстетикалық гимнастика мектебінің балғын гимнасттары Малайзияда өткен Азия және әлем чемпионатында сәтті өнер көрсетіп, екі бірдей алтын медальді жеңіп алды.

8–10 жас аралығындағы жас спортшыларымыз «TUAN CUP» және «MAGGA CUP» турнирінде үздік өнер көрсетіп, 2 алтын медальді жеңіп алды. Аталмыш спорттық сайыста жаттықтырушы Анна Коваленконың жетекшілігіндегі Аделя Сұлтанәлі, Әмина Манарбек, Айгерім Ертай, Жанел Бердібай, Аружан Еділ, Александра Стефанова, Айару Әуесхан және тағы басқа «Триумф» командасының жас спортшылары үздік өнер көрсетті.

Әуежайда мектеп басшысы Жаннет Жабасева бастаған ата-аналар жас спортшыларды салтанатты түрде күтіп алды.

АҚЖОЛТАЙ АҚПАРАТ**АЛТЫНМЕН
ОРАЛДЫ**

Жақында ғана жас өнертапқыштардың бәсекесінде бас бәйгені олжалаған Шолпан Аманкелді Индонезияның Бали қаласында өткен INNORA-2022 жас өнертапқыштардың халықаралық байқауында жеңімпаз атанып, алтын жүлдені жеңіп алды.

Жас өнертапқыш Алматыдағы Оқушылар сарайының «Ғылыми-техникалық шығармашылық» бөлімінің білім алушысы. Аталмыш байқауға қатысуына «Алматы Дарыны» үлкен қолдау көрсетті.

Әлемнің ең дарынды балалары қатысқан бұл бәсекеде қазақстандық жас өнертапқыштың жобасы әділқазылардың қызығушылығын тудырды. Жас өнертапқыш Шолпан Аманкелдінің «Ғылыми-техникалық шығармашылық» бөлімі директорының орынбасары Валерий Викторов пен педагог Райс Владимирдің жетекшілігімен «Космонавтика және 3D прототиптеу» зертханасында жасаған «Спутниктік құрылыс» жобасы ерекше деп танылып, малайзиялық сертификатпен марапатталды.

Аталмыш жоба жердің ауа қабаттарындағы газдар мен суспензиялы зиянды бөлшектердің бар-жоғын зерттеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ғылыми-сараптамалық тәсілмен бағалауды қажет ететін жерді қашықтықтан зондтау міндеттерін де қамтиды.

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ**«БОЗҚЫРАУ» – ҚЫСТЫҢ ЖАРШЫСЫ**

«Қарашаның ұлыса желі гулеп, түсіне бер қаңтардың желігі деп...». Осылайша Мұқағали Мақатаев жырына арқау болған жамау-жасқау айы Қараша бой көрсетті

**Сәрсенбек
БЕКМҰРАТҰЛЫ**

Ақын айтса айтқандай, осы мезгілде ауаның температурасы күрт төмендейді. Күндіз күннің көзі бірде көрінсе, бірде бұлт тұмшалап көрінбей тұрады. Күннің көзі көрінгенімен де жылуы болмайды. Тау шатқалдарындағы шағын өзен-көлдерде су қатуы мүмкін. Ертеңгілік боз қырау түседі.

«Кіші қараша» амалы өтіп жатыр. Бірер күнде жаңа ай туады. Амал өзгереді. Ол – «Бозқырау» деп аталады. «Бозқырау» – қыстың алғашқы жаршысы. Жалпы, қазекен қазан айының бір атауын бозқырау деген. Оның мәнісі осы айдың ішінде суық шақыратын, дауыл, жел әкелетін бірнеше амал бар. Солардың әсерінен күн салқындап, ертеңгілік тал-шыбыққа, шөпке боз қырау тұрады. Бұл суықта көкті үсік шалып, су бетіне қаймақ мұз тұрады.

Осы айдың онынан басталатын «Бозқырау» (Бокырау) нағыз қыраудың өзі, суықтың көзі. Қарашаның 10 жаңасынан 15 жаңасына дейін жалғасады.

Амал кезіндегі ерекшелік: жылқышылар жылқыны күнгейге жаяды. Бұл кезде биенің ішіндегі құлын көлденең жатпағандықтан әрі жылқы түнде де жайылатындықтан, қырау түскен шөпті жеп қояды. Өйткені, жылқы бірден-бір күйіс қайтармайтын жануар. Ал қырау жеген бие ішіндегі құлынын тастайтын тәжірибеде дәлелденген.

Амалдың атауына келер болсақ, әртүрлі нұсқасы бар. Кейбіреу бұл бокқа (тезек-жапаға) тұрған қырауды мензеуден туған десе, енді бірі даланы жауып қалған ақ (боз) қырауға қаратылып айтылғанын айтады. Қалай болғанда да, аталмыш амал күннің салқындап, қыстың жақындағанын аңғартса керек. «Бозқыраудың» басты белгісі – күзеулікте таңертең тұрғанда ылғал жерлерге жаппай қырау тұрады.

Қазекеннің осы амалға қатысты шығарған мақал-мәтелдері мен қанатты сөздері



баршылық, олар ел аузында әлі күнге айтылып жүр. Солардың бірі – «Қарашада қар жатпайды, қар жатса тек жатпайды» деп айтылады. Бұл осы айда жауған қардың маңыздылығын білдіреді. «Егер қарашаның 20–25-терінде қар жауып, ерімей жатып қалатын болса, ол қыстың басталғанының айқын белгісі» деген де көнелерден қалған болжам бар.

Бозқырау, Қауыс, Аққар амалдары да осы айдың еншісінде. Біреуін – Бозқырауды әңгімемізге арқау еттік. Қалғанын кезегімен сөз етеміз. Бүгін күнделікті күнтізбе бойынша, қарашаның – 3-і. Жаңа айдың басы – 8-ші жаңасы. Қазақша ай 5 күннен кейін ғана басталады. Осы кезде ауа райында өзгеріс орын алады. Міне, осы өзгерістердің әсерінен жауын-шашын болып, қар жаууы ықтимал.

БАБАЛАР БОЛЖАМЫ**КҮЗ БЕН ҚЫСТА ЖАУАТЫН ҚАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ:**

- * Ақша қар – жаңа жауған таза қар.
- * Ала қанат қар – бір аумаққа жауып, бір аумаққа жаумай жерге ала түскен қар.
- * Анжыр – қардың еріп қатуы. Қарғынға аралас қатқан қарлы мұз.
- * Бозқырау – күзгі күні тоңазудан болатын шық.
- * Жапалақ қар – ірі түйіршікті болып жауған қар.
- * Жылбысқа қар – ери жауған қар.
- * Күпсек қар – қалың жауған ұлпа қар.

БАБАЛАР СӨЗІ – ТӘРБИЕ КӨЗІ**АДАМНЫҢ КӨҢІЛІНЕ ҚАРАП СӨЙЛЕУ –
АДАМГЕРШІЛІК БЕЛГІСІ**

- Адам қызғаныштан тез қартайды.
- Реніштен ауру пайда болады.
- Ашушаң жүдегіш келеді.
- Адамды тәрбиелейтін қаталдық емес, мейірім.
- Ұйықтар алдында бәрін кешіріп, таза жүрекпен ұйықтаңыз.

• Әр қиындықта – жеңілдіктер, әр көз жасында – қуаныш, әр сабырлықта абырой жасырылған.

- Бақыт – жарыңыздың адалдығы, бала-шағаның амандығы, отбасының татулығы.
- Адам басына бақтың қонғанын білмейді, ұшқанын біледі.

- Ашу ақылсыздықпен басталып, өкінумен аяқталады.
- Өзгенің қателігін сынаған, өзінікін байқамайды.
- Бәрін түсіндіруге болады, бірақ бәріне емес.
- Сізге өсек айтқан адам сіз туралы да өсек айтады.

- Ақылды адам біреудің кем-кетігін өзі түзеп жүреді, ақымақтар біреудің кем-кетігін жіпке тізіп жүреді.
- Біреулер уақытты жеткізе алмайды, біреулер уақытты өткізе алмайды.
- Сараң – алғанына, жомарт – бергеніне қуанады.

- Сөйлей беретіндер – көп, сөйлей білетіндер – аз.
- Ақшасы жоқ адам кедей емес, арманы мен мақсаты жоқ адам кедей.
- Жақсылықты жақсы адам ғана бағалай біледі.
- Бірінші болып кешірім сұрау әлсіздікті білдірмейді.
- Егер жақсы өмір сүргің келсе жақсы адамдарды ізде, ал жақсы адам тапқың келсе жақсы сөйлеп, жақсылық жаса.



- Басқалардың бақытына қуанып жүретін адам бір күні өзі де бақытқа жетеді.
- Біреу тірі жүрсе де жоқ сияқты, біреу өліп қалса да бар сияқты.
- Өмірдің жеті кереметі: көру, есту, сезу, сөйлеу, ойлау, қуану және сүю.
- Жаман жағыңды іздеген адам, жақсы жақтарыңды көре алмайды.
- Адамның көңіліне қарап сөйлеу – адамгершілік белгісі.
- Айтылғанша сөзге сіз қожайынсыз, айтылған соң сөз сізге қожайын.
- Кешірімді екен деп ренжіте беруге болмайды.

(БАТСАПТАН).